БҚ5	Өз уақытын жоспарлауға және үнемдеуге қабілетті болу;
БҚ 6	Ұжымда және командада жұмыс істеп білу, әріптестермен, басшылармен, тұтынушылармен өзара жақсы қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа дайын болу;
БҚ 7	Стандартты және әркелкі жағдайларда шешім қабылдау;
БҚ8	Ақпараттық және қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар сала бойынша базалақ білімдерінің болуы, компьютерлік жүйелерде жұмыс жасау және бағдарламалық құралдарды қолдана білу;
БҚ 9	Өзінің кәсіптік іс әрекетінде нормативтік құқықтық құжаттарды қолдана білу;
БҚ 10	Әлеуметтік және кәсіби мәселелерінің шешімінде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың әдістері мен негізгі қағидаларын қолдана білу;
БҚ11	Өңгімелеуден төмен емес шет тілдерінің біреуін меңгеру;
БҚ 12	Физикалық тәрбиелеудің және денсаулықты қорғаудың әдістерінің әдістемелік құралдарымен дұрыс өз бетімен қолдана білу.
БҚ 13	

## Кесте 2 Кәсіптік құзыреттер

	КҚ 3.1.1. Энергетикалық нысандардың негізгі жабдықтарын талдау; КҚ 3.1.2. Әр түрлі мақсаттағы энергетикалық қондырғылардың жұмыс режимін бағалау, қондырғылар құрамын және олардың параметрлерін анықтау; КҚ 3.1.3. Жылу техникалық жабдықтарды және жылумен –
--	--

отынмен қамтамасыздандыру жүйелерін пайдалану;

КҚ 3.1.4. Жылутехникалық және жылумен, отынмен қамту энергожүйелерінің жұмыс режимін бақылау;

КҚ 3.1.5. Жылутехникалық жабдықтардың және жылумен, отынмен қамту жүйелерінің апаттарының алдын алу, тоқтату және жою шараларын орындау;

КҚ 3.1.6. Өндірісті жобалау және техникалық дайындау кезінде техникалық тапсырмаларды тұжырымдау, өңдеу және автоматтандыру құралдарын пайдалану;

КҚ 3.1.7. Инженерлік жобалау негізін қолдану;

КҚ 3.1.8. Кәсіптік қызмет нысандарының қасиеттерін және күйін болжамдауға мүмкіндік беретін модельдерді құру және талдау әдістерін қолдану;

КҚ 3.1.9. Электртехникалық және электрэнергетикалық жабдықтардың құрылғыларын есептеу кезінде бағдарламалық камтуларды қолдану;

КҚ 3.1.10. Әр түрлі мақсаттағы электрэнергетикалық және электр техникалық қондырғылардың жобаларын басқару;

КҚ 3.1.11. Шикізат базасының ғылыми – техникалық дамуының қазіргі проблемаларын, электрэнергетикалық және электртехникалық өндірістің қалдықтарын пайдаға асырудың қазіргі технологияларын, электр техникалық бұйымдармен электр энергетикалық нысандарын жобалау және технологияларындағы ғылыми – техникалық саясатты түсіну;

КҚ 3.1.12. Энергия және энергоресурстарды үнемдеуін ескеру арқылы электр энергетика және электр техника саласында шешімдерді қабылдау;

КҚ 3.1.13 Қолданбалы бағдарламалық камтуларды қолдану арқылы инженерлік –



### 3.1 Орта буын маманы

3.1 082901 3 - Энергожүйе және энергожобалау технологиясы

техникалық және экономикалық сұрақтарды шешу;

КҚ 3.1.14 Кәсіпорында тәжірибелік қызметінде экономикалық талдау элементтерін қолдану;

КҚ 3.1.15 Инновациялық жобаларды техника – экономикалық негіздеу және басқару;

КҚ 3.1.16 Өндіріс процесін автоматты реттеу;

КҚ 3.1.17 Жерге қосу, нольге келтіруін орындауын бақылау;

КҚ 3.1.18 Электржабдықтардың жұмыс параметрлерін бақылау;

КҚ 3.1.19 Пайдаланып отырған жабдықта орналасқан электрқозғалтқыштарды іске қосу және тоқтату;

КҚ 3.1.20 Әр түрлі электрлік мәндерді өлшеу кезінде параметрлерді есептеу, аспаптарды қосу сызбаларын құру және жинау ;

КҚ 3.1.21 Техника қауіпсіздік нормаларын және пайдалану ережелерін сақтай отырып жұмыс көрсеткіштерін алу және электржабдықтарын пайдалану;

КҚ 3.1.22 Принципиальды электрлік және монтаждық сызбаларын оқу;

КҚ 3.1.23 Электрлік жүктемелерді есептеу;

КҚ 3.1.24 Электржабдықтардың жұмысын бақылау;

КҚ 3.1.25 Мұнай кәсіпшілік электржабдықтарының дұрыс жұмысын және жүктемесін бақылау;

КҚ 3.1.26 Басқару аппаратурасының жұмысын бақылау;

КҚ 3.1.27 Энергетикалық нысандарды құру және пайдалану бойынша нормативтік құжаттарды , есептерді шығарудың жалпы қолданыстағы әдістерін тұжырымдау және қойылған мәселерді шешу кезінде қолдану;

КҚ 3.1.28 Ғылыми – техникалық ақпараттарды іздеу және талдау,





ЖКП 02	Инженерлік графика		+	+		108	8	100		
ЖКП 03	Технологтар математикасы		+	+		96	74	22		
ЖКП 04	Электрлік өлшемдер		+	+		48	18	30		
ЖКП 05	Электротехниканың теориялық негіздері	+		+		176	126	50		
ЖКП 06	Электр машиналары және трансформаторлар	+		+		96	44	52		
ЖКП 07	Электроника	+		+		90	60	30		
ЖКП 08	Компьютерлік технология негіздері және компьютерлік жобалау		+	+		80	10	70		
<b>АП 00</b>	<b>Арнайы пәндер</b>					<b>1144</b>	<b>661</b>	<b>383</b>	<b>100</b>	<b>2-4</b>
АП 01	Метрология және өлшеу құралдары негіздері	+		+		128	82	46		
АП 02	Сала технологиясы		+	+		68	68			
АП 03	Энергожүйелерді	+		+	+	186	116	30	40	

	ң электр желілері									
АП 04	Электр талдама сы	+		+		120	90	30		
АП 05	Жартылай өткізгіштердің қолданылуы	+		+		60	44	16		
АП 06	Энергожүйелер		+	+	+	174	124	30	20	
АП 07	БЛК – Controllog іх қосымшасы		+	+	+	144		104	40	
АП 08	Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау	+		+		60	48	12		
АП 09	Цифрлы технологияға кіріспе		+	+		48	33	15		
АП 10	Өнеркәсіптік тораптар және коммуникация		+	+		60	30	30		
АП 11	Техникалық ортада қарым-қатынас дағдылары		+	+		96	26	70		
<b>БҰАП</b>	<b>Білім беру ұйымы анықтайтын пәндер*</b>					<b>66-534*</b>				
	<b>Теориялық оқытудың</b>					<b>3996</b>				

	барлық сағаты								
ӨО ж КП 00	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика				1476				
ӨО 01	оқу практикасы				216				
ӨО 02	оқу-өндірістік практика				324				
КП 03	технологиялық практика				504				
КП 04	диплом алдындағы практика				216				
Д	Дипломдық жобалау				216				
АА	Аралық аттестаттау				216				
ҚА 00	Қорытынды аттестаттау				72				
ҚА 01	қорытынды аттестаттау**				60				
ҚА 02 (КДДБ)	кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру				12				
	<b>Міндетті оқытудың барлығы</b>				<b>5760</b>				

К	Консультациялар	Оқу жылына 100 сағаттан артық емес							
Ф	Факультативтік сабақтар	Аптасына 4 сағаттан артық емес							
	Оқу уақытының барлық сағаты					6588			

Ескерту: ЖБП– Жалпы білім беретін пәндер; ЖГП– Жалпы гуманитарлық пәндер; ӘЭП - Әлеуметтік-экономикалық пәндер; ЖКП – Жалпы кәсіптік пәндер; АП – арнайы пәндер; БҰАП – жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер; ӨО – өндірістік оқыту; КП – кәсіптік практика; АА – аралық аттестаттау; ҚА – қорытынды аттестаттау; КДДБ – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру; К – консультация; Ф – факультативтік сабақтар.

ТЖКБ-ның МЖМБС-на сәйкес пәндердің тізімі үлгілік оқу жоспарында орындауға міндетті болып табылады. Бақылау нысандары (курстық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар), пәнді оқыту тәртібі үлгі болып табылады және оқыту нысанына, мамандықтардың ерекшеліктеріне, жергілікті және басқа да жағдайларға (жайлар) қарай, о.і. жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

\* Білім беру ұйымы анықтайтын пәндердің сағат көлемі жалпы кәсіптік және арнайы пәндер циклдерінің сағат көлемін (25% дейін) қысқарту есебінен ұлғайтылуы мүмкін.

\*\* Қорытынды аттестаттауға ұсынылған нысандар: дипломдық жобаны қорғау.

Оқу-өндірістік жабдықтар мен оқытудың техникалық құралдарының үлгілік тізімі тиісті мамандық пәндері бойынша білім беру бағдарламалары мазмұнын негізге ала отырып анықталады.

Нақты оқу орнын жабдықтауға арналған оқу-өндірістік жабдықтар мен оқытудың техникалық құралдарының тізімі жұмыс оқу бағдарламаларын есепке алумен, серіктес-кәсіпорындармен бірлесе отырып, оларға кадр даярлайтын оқу орнымен анықталады. Бұл ретте саланың даму болашағын есепке алып, ІТ-технологияны, 3D-технологияны, АКТ, қашықтан, модульдік, дуалды, кредитті оқытуды ескеру қажет.





	і , саясаттану және әлеуметтану негіздері, құқық негіздері)					<b>180</b>				
<b>ЖКП 00</b>	<b>Жалпы кәсіптік пәндер</b>					<b>747</b>	<b>399</b>	<b>348</b>		<b>1-2</b>
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу		+	+		36	20	16		
ЖКП 02	Инженерлік графика		+	+		114	14	100		
ЖКП 03	Технологтар математикасы		+	+		102	90	12		
ЖКП 04	Электрлік өлшемдер		+	+		48	18	30		
ЖКП 05	Электротехниканың теориялық негіздері	+		+		177	137	40		
ЖКП 06	Электр машиналары және трансформаторлар	+		+		105	53	52		
ЖКП 07	Электроника	+		+		87	57	30		
ЖКП 08	Компьютерлік технология негіздері және		+	+		78		68		

	компьютерлік жобалау					10				
<b>АП 00</b>	<b>Арнайы пәндер</b>					<b>1152</b>	<b>685</b>	<b>367</b>	<b>100</b>	<b>1-3</b>
АП 01	Метрология және өлшеу құралдары негіздері	+		+		120	74	46		
АП 02	Сала технологиясы		+	+		72	72			
АП 03	Энергожүйелердің электр желілері	+		+	+	186	126	20	40	
АП 04	Электр талдамасы	+		+		120	90	30		
АП 05	Жартылай өткізгіштердің қолданылуы		+	+		60	44	16		
АП 06	Энергожүйелер	+	+	+	+	186	136	30	20	
АП 07	БЛК – Contrologix қосымшасы		+	+	+	144		104	40	
АП 08	Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау	+		+		60	54	6		
АП 09	Цифрлы технологияға кіріспе		+	+		48	33	15		
АП 10	Өнеркәсіптік тораптар және коммуникация		+	+		60	30	30		

АП 11	Техникалық ортада қарым-қатынас дағдылары		+	+		96	26	70		
БҰАП	Білім беру ұйымы анықтайтын пәндер*					84-558*				
	Теориялық оқытудың барлық сағаты					2628				
ӨО ж КП 00	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика					1476				
ӨО 01	оқу практикасы					216				
ӨО 02	оқу-өндірістік практика					324				
КП 03	технологиялық практика					504				
КП 04	диплом алдындағы практика					216				
Д	Дипломдық жобалау					216				
АА	Аралық аттестат тау					144				
ҚА 00	Қорытынды аттестат тау					72				

ҚА 01	қорытынды аттестаттау**					60				
ҚА 02 (КДДБ)	кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру					12				
	<b>Міндетті оқытудың барлығы</b>					<b>4320</b>				
К	<b>Консультациялар</b>	Оқу жылына 100 сағаттан артық емес								
Ф	<b>Факультативтік сабақтар</b>	Аптасына 4 сағаттан артық емес								
	<b>Оқу уақытының барлық сағаты</b>					<b>4960</b>				

Ескерту: ЖБП– Жалпы білім беретін пәндер; ЖГП– Жалпы гуманитарлық пәндер; ЭЭП - Әлеуметтік-экономикалық пәндер; ЖКП – Жалпы кәсіптік пәндер; АП – арнайы пәндер; БҰАП – жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер; ӨО – өндірістік оқыту; КП – кәсіптік практика; АА – аралық аттестаттау; ҚА – қорытынды аттестаттау; КДДБ – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру; К – консультация; Ф – факультативтік сабақтар.

ТжКБ-ның МЖМБС-на сәйкес пәндердің тізімі үлгілік оқу жоспарында орындауға міндетті болып табылады. Бақылау нысандары (курстық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар), пәнді оқыту тәртібі үлгі болып табылады және оқыту нысанына, мамандықтардың ерекшеліктеріне, жергілікті және басқа да жағдайларға (жайлар) қарай, о.і. жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

\*Білім беру ұйымы анықтайтын пәндердің сағат көлемі жалпы кәсіптік және арнайы пәндер циклдерінің сағат көлемін (25% дейін) қысқарту есебінен ұлғайтылуы мүмкін.

**\*\* Қорытынды аттестаттауға ұсынылған нысандар: дипломдық жобаны қорғау.**

Оқу-өндірістік жабдықтар мен оқытудың техникалық құралдарының үлгілік тізімі тиісті мамандық пәндері бойынша білім беру бағдарламалары мазмұнын негізге ала отырып анықталады.

Нақты оқу орнын жабдықтауға арналған оқу-өндірістік жабдықтар мен оқытудың техникалық құралдарының тізімі жұмыс оқу бағдарламаларын есепке алумен, серіктес-кәсіпорындармен бірлесе отырып, оларға кадр даярлайтын оқу орнымен анықталады. Бұл ретте саланың даму болашағын есепке алып, IT-технологияны, 3D-технологияны, АКТ, қашықтан, модульдік, дуалды, кредитті оқытуды ескеру қажет.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 15 маусымдағы  
№ 384 бұйрығына 212-қосымша

**"Электрлік инжиниринг технологиясы" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламалары**

**Ескерту. 212-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2016 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Пәндер циклі және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламасының мазмұны (*орта буын маманы*)

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білім, іскерліктер мен дағдылар	Қалыптасатын құзырет коды
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
ЖГП 01	<p><b>Кәсіптік қазақ (орыс) тілі.</b> Кәсіптік тілдің рөлі: мамандық бойынша терминология; кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқу және аудару техникасы (сөздікпен); кәсіптік қарым-қатынас; мамандыққа бағытталған мәтіндер бойынша әңгімелер, сұхбаттар құрастыру.</p>	<p><b>Білімдер:</b> - қазақ (орыс) тілінде және кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқып, аудару үшін (сөздікпен) қажетті лексикалық (1200-1400 лексикалық бірлік) және грамматикалық минимумды меңгеру.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> - кәсіптік лексиканы сауатты пайдалану, өзінің кәсіптік қызметінде қазақ (орыс) тілінен білімдерін пайдалану.</p>	БҚ3,4,6
	<p><b>Кәсіптік шетел тілі.</b> Мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас</p>	<p><b>Білімдер:</b> - мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас</p>	

ЖГП02	жасауға қажетті лексика-грамматикалық материалдар; сөйлесудің әртүрлі түрлері мен тілдік нысандарды (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік); кәсіптік бағдарлы мәтіндерді аудару техникасы.	жасауға қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материал. <b>Іскерліктер:</b> - тілдік іс-әрекет түрлерін және сөйлеу нысандарын ажырату (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік).	БҚ 3,4,6
ЖГП03	<b>Қазақстан тарихы.</b>		
ЖГП04	<b>Дене тәрбиесі.</b> Маман дайындауда дене тәрбиесінің рөлі, оның салауатты өмір салтын қалыптастыру; дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздері; дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы.	<b>Білімдер:</b> - дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздерін; - дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздерін. <b>Іскерліктер:</b> - денсаулықты сақтау және нығайтуда дене тәрбиесі білімдерін қолдану.	БҚ 8
ӘЭП 00	<b>Әлеуметтік-экономикалық пәндер</b>		
ӘЭП 01	<b>Мәдениеттану.</b> Мәдениеттану және оның қоғамдық өмірдегі рөлі; мәдениетті зерттеудегі көзқарстардың алуан түрлілігі; мәдениет және өркениет; мәдениеттің орнауы; мәдениеттің конфуциан-даосистік түрі; мәдениеттің индо-буддалық түрі; ислам мәдениеті әлемі; мәдениеттің христиандық түрі; батыс еуропалық мәдениет және оның қазіргі әлемнің дамуына	<b>Білімдер:</b> - негізгі ұғымдарды; - конфуцийшілдік; даосизм ұғымдарын; Қытайдың өнерін; иероглифін; Қытайдың пейзаж суреттерін; - индия мәдениетінің ерекшеліктерін және оның негізгі жетістіктерін; - ислам; курайш ұғымдарын; Мұхаммед; Құран; Аллах; Мекке ұғымдарын; - христиан оқуларының негізгі принциптерін және оның құндылық бағыттарын; - Франция мәдениетін; Ашель мәдениетін; проманындар, галлалар, франктар әдебиеті, философиясы;	БҚ4,7,8

	<p>ықпалы; африка мәдениетінің ерекшелігі мен бірегейлігі; расизм проблемасы; көшпенді өркениеттің пайда болуы және бірегейлігі; Орта ғасырдағы Қазақстан мәдениеті; 17-19 ғасырдағы қазақтардың мәдени салттары; қазіргі Қазақстанның мәдениеті.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- көшпенділердің өмір сүрулері мен құндылық жүйесі туралы;</li> <li>- орта ғасыр кезеңінде қазақ этносының мәдени негізі туралы білімдерін;</li> <li>- түрік және араб мәдениетінің орта ғасырдағы Қазақстан мәдениетіне әсері туралы.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қытай мәдениетінің ерекшеліктерін ашу;</li> <li>- мәдениеттану ұғымдарын еркін пайдалану;</li> <li>- көшпенділердің материалдық және рухани мәдениетінің ерекшелігін, оның қоғамдық мәдени өмірдегі орнын көрсету.</li> </ul>	
<p>ӘЭП02</p>	<p><b>Философия негіздері.</b> Философия және оның қоғамдағы рөлі; философияның тарихи типтері; материя және сана; диалектика және оның баламасы; қоғамның философиялық ұғымы; таным теориясы; қоғамдық сана және оның нысандарының алуан түрлілігі; адам болмысы философия проблемалары ретінде; адам қоғамдық қарым-қатынастар объектісі және субъектісі ретінде.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- негізгі философиялық ұғымдарды: материя, философияның негізгі сұрақтары, диалектика, диалектика заңдары, сана, таным, болмыс;</li> <li>- болмыстың жалпы мәселелерін, танымның жалпы мәселелерін, қоғамның қалыптасуын және дамуын, адамның ортақ және маңызды проблемаларын.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- негізгі философиялық ұғымдарға еркін сүйене білу, сол немесе басқа сындарды дәлелдеу және сынға алу, ақиқаттың әртүрлі құбылыстары арасындағы өзара байланысты аша білу, қоршаған шындықтың қарама-қайшылықтарын талдау.</li> </ul>	<p>БҚ6,7,8</p>
	<p><b>Экономика негіздері.</b> Мақсаттары, негізгі ұғымдары, функциялары, мәні, қағидалары; меншік</p>	<p><b>Білімдер:</b></p>	

<p>ӘЭП03</p>	<p>нысандары мен түрлері, меншікті басқару; жоспарлардың түрлері, олардың негізгі кезеңдері, мазмұны, стратегиялық жоспарлау; жоспарлаудың және болжам жасаудың экономикалық негіздеу әдістері; бизнес-жоспарлау; экономикалық талдау; халық тұтынатын нарық тауарлары мен қызметтердің жағдайына талдау жасау; нарықтық инфрақұрылым.</p>	<p>- экономикалық теорияның жалпы ережелерін; - елдегі және шетелдердегі экономикалық жағдайларды; - макро және микро экономика негіздерін, салық, ақша-несиелік, әлеуметтік және инвестициялық саясат туралы. <b>Іскерліктер:</b> - өзінің кәсіптік қызметінде бағдары үшін қажетті экономикалық ақпаратты тауып, қолдана білу.</p>	<p>БҚ 1,7,9</p>
<p>ӘЭП04</p>	<p><b>Саясаттану және әлеуметтану негіздері.</b> Саясаттану пәні; саясаттану білімінің құрылымы; саяси ойдың тарихы; билік адамдар арасындағы еркін қарым-қатынас ретінде; үкіметті заңды деп танушылық және қағидалары; саяси жүйе үкімет механизмі ретінде; саяси тәртіп; мемлекет саяси институт ретінде; саяси партиялар және партия жүйелері; саяси элита; саяси көшбасшылық; саяси идеологиялар; дүние жүзілік саяси процесс; Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы; әлеуметтану ғылым ретінде; негізгі әлеуметтік ұғымдар.</p>	<p><b>Білімдер:</b> - негізгі саяси ұғымдарды : билік, билік ресурстары, биліктің заңдылығы, саяси жүйе, саяси тәртіп, мемлекет, мемлекетті басқару нысандары, мемлекеттің орналасу нысандары, саяси партиялар, партия жүйелері, саяси элита, саяси көшбасшылық, геосаясат; - саяси ғылым пәні мен әдісін. <b>Іскерліктер:</b> - халықаралық саяси процестерді талдау, геосаяси жағдай, Қазақстанның қазіргі өмірдегі орны мен рөлі; - саяси мәдениет дағдыларын меңгеру; - күнделікті өмірде және кәсіптік қызметте саясаттану білімдерді қолдану.</p>	<p>БҚ 6,8</p>
	<p><b>Құқық негіздері.</b> Құқық, ұғым, жүйе, көздер, Қазақстан Республикасының Конституциясы – құқықтық жүйе ядросы;</p>	<p><b>Білімдер:</b> -адам мен азаматтың құқықтарын және бостандық-тарын; оларды іске асыру механизмдерін ;</p>	



ӘӘП05	адам құқығының жалпы қоғамдық декларациясы, тұлға, құқық, құқықтық мемлекет, заңды жауапкершілік және оның түрлері, құқықтың негізгі салалары, Қазақстан Республикасының сот жүйесі, құқық қорғау органдары.	- кәсіптік қызметі саласындағы құқықтық ж ә н е адамгершілік-этикалық нормаларын. <b>Іскерліктер:</b> - маманның кәсіптік қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды пайдалану.	БҚ 3,4,8,10
<b>Біліктілігі: 083001 3 – Электрлік және электрондық жобалау технологиясы</b>			
<b>ЖКП 00</b>	<b>Жалпы кәсіптік пәндер</b>		
ЖКП 01	<b>Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу.</b> Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарының тізіміне кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.	<b>Білімдер:</b> - құжаттау қызметінің құрылымын, лауазымдық міндеттерді, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын. <b>Іскерліктер:</b> - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу; - құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау; - анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау.	БҚ 4,5,6,8
		<b>Білімдер:</b> - МЕМСТ 2.303-68* бойынша сызықтарды, МЕМСТ 2.301-68* бойынша форматтарды; - МЕМСТ 2.304-81 бойынша сызба қаріптерін; - МЕМСТ 2.302-68 бойынша масштабтарды, МЕМСТ 2.307-68* бойынша өлшемдер түсіру ережелерін. <b>Іскерліктер:</b> - стандартты сақтай отырып, әртүрлі сызықтарды сызу; - графикалық редактордың көмегімен	

**Инженерлік графика.**

Кіріспе, КҚБЖ, МЕМСТ түсініктемесі; сызбалардың графикалық рәсімделуі; сызба сызықтары; сызба форматтары; графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; масштабтар; өлшемдер түсіру; қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің контурларын түсіру тәсілдері; техникалық сызу; сызбалар мен нобайларды орындаудың жалпы ережелері; сұлбалардағы шартты, графикалық белгілеулер; мамандық бойынша сұлбалар; AutoCAD: модульдері; интерфейс; жұмыстың басы; AutoCAD теориясы; ретке келтіру; объектілер сызбасы; сызықтар; нүктелер; объектілерді бөлу; қателерді түзету; объектілерді қосу; масштабын анықтау; шеңбер; доға; дөңгелектеу және фаскалар; қиып алу және ұзарту; жылжыту; сұрату; құрауыштарын бөлу; көлемділеу; түрлері; торлар; мәтін; қабаттар; объектілердің белгіленуі; өзгертулер; объектілерді жылжыту; объектілерді көшіру; объектілерді айналдыру; объектілерді масштабтау; объектілерді шағылыстыру; жиынтық тұрғызу; объектілерді созу; шектеу қою; арнайы объектілер; басып шығару; сызба тапсырмалары.

сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру;

- сызба масштабын анықтау, берілген масштабта қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің сызбаларын орындау;
- сызбада қарапайым түрдегі тетіктердің өлшемдерін түсіру;
- мамандық бойынша электр сұлбаларды оқу;
- техникалық нобайлар құру;
- бірнеше кескінмен сызбалар сызу;
- AutoCAD модульдері мен интерфейсін қолдану ;
- AutoCAD бойынша теорияны пайдалану;
- AutoCAD ретке келтіру;
- AutoCAD объектілер сызу, сызықтарды нүктелерді бейнелеу, объектілерді белгілеу;
- объектілерді қосу және қателерді түзету режимін қолдану;
- масштаб түсіруді жүзеге асыру;
- шеңберді, доғаны, дөңгелектеуді және фаскаларды бейнелеу;
- объектілерді қиып алу және ұзарту;
- объектілер мен жылжыту туралы сұрау салу;
- объектілерде маркерлерді орналастыру ;
- торларды пайдалану;
- түрлерін жасау;
- қабаттар түзеу және мәтін енгізу;
- электронды сызба орындау;
- басып шығару үшін файл құру;
- арнайы объектілер құру;

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- шектеулер қою;</li> <li>- объектілерді созу;</li> <li>- объектілер жиынтығын құру;</li> <li>- объектілердің шағылысқан көшірмесін жасау;</li> <li>- масштабтау жолымен объектілерді үлкейту және кішірейту;</li> <li>- объектілерді айналдыру ;</li> <li>- объектілерді көшіру дағдыларын меңгеру;</li> <li>- объектілерді көшіру, ауыстыру;</li> <li>- лайықты сызықтық белгілерді қолдану.</li> </ul>	<p>БҚ 4,7 КҚ3.1.1</p>
	<p><b>Технологтар математикасы.</b> Шамалар; туынды негіздері; формула туындылары; туындылар және олардың қолданылуы; тұрғызудағы және дифференциалды қисықтардағы туындылар ; ең үлкен және ең кіші қолданбалы есептер; туындыларды қолдана отырып қозғалысқа есептер шығару; интеграл және интегралды есептеу; интегралдар; белгісіздік интегралын қолдану; интегралдар және аудандары; интегралдарды қолдану; тригонометриялық</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шамаларды; туынды негіздерін;</li> <li>- интегралдарды және интегралды есептеуді;</li> <li>- тригонометриялық функцияларды дифференциациялауды;</li> <li>- логарифмдік функцияларды дифференциациялауды.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шамаларлар мәнін түсіндіру және шамаларды бағалау;</li> <li>- өлшеудің орташа коэффициентін, үшбұрыш әдісін қолдана отырып, алгебралық формуланың қисық және туындысына жанама көлбеуді анықтау;</li> <li>- негізгі формуларларды немесе жіктеу ережесін қолдана отырып, көпмүшелерді жіктеу;</li> <li>- математикалық қолдануда және қолданбалы практикалық есептерде туындыларды қолдану;</li> <li>- туындыларды пайдалана отырып, қисықтарды құру техникасын қолдану;</li> </ul>	

ЖКП 03

функцияларды және кері тригонометриялық функцияларды дифференциациялау; логарифмдік функцияларды дифференциациялау; экспоненциалды функцияны дифференциациялау; дәреженің ортақ формасын қолдана отырып трансцендентті функцияны біріктіру; базалық логарифмдік формаға дейін біріктіру; экспоненциалды функцияны біріктіру; тригонометриялық функцияларды біріктіру; функцияларды біріктіру; кері тригонометриялық жетекші формаларды біріктіру; жеке, тригонометриялық алмастырумен және кестелерді қолдана отырып біріктіру.

- ең үлкен және ең кіші қолданбалы есептерді шешуде туындыларды қолдану;  
- дәрежесі және функция бойынша интегралды есептеу;  
-мына интегралдарды анықтап, есептеу: белгісіздік интегралы, белгілі интеграл және жеке интеграл;  
-тригонометриялық және кері тригонометриялық функцияларды дифференциациялау ережесін қолдану;  
-логарифмдік функцияларды дифференциациялау;  
- дәреженің ортақ формасын қолдана отырып трансцендентті функцияны біріктіру;  
-экспоненциалды функцияларға жетекші мәндерді біріктіру;  
- тригонометриялық функцияларды біріктіру және есептеу;  
- кері тригонометриялық функцияларға жетекші формаларды біріктіру  
- ж е к е ,  
тригонометриялық алмастырумен және кестелерді қолдана отырып мәндерді біріктіру.

БК 3,5,7,10  
КК3.1.1

**Электрлік өлшемдер.**

Метрология негіздері; электрлік шамаларды өлшеу құралдары; ұқсас электр өлшеу аспаптары, өлшеу тізбектері; өлшеу аспаптары және өлшеу шектерін кеңейту тәсілдері туралы ұғым; электрлік және магниттік шамаларды өлшеу;

**Білімдер:**

-метрологияның негізгі ережелерін;  
- электр өлшеу аспаптарының типтерін, құрылысын, жұмыс қағидасын, сипаттамалары мен қолданылу саласын;  
- өлшеу қателіктерін табу әдістемесін;  
- электрлік, магниттік және электрлік емес

ЖКП 04	<p>электр тізбектерінің параметрлерін өлшеу, электр энергиясы мен қуатын өлшеу; салыстыру аспаптары: компенсаторлар, потенциометрлер, электронды, сандық аспаптар; электр қозғаушы күштерді, кернеуді үлгілі әдіспен өлшеу туралы ұғым; электрлік емес шамаларды өлшеу; тіркеу аспаптары; электрлік емес шамаларды түрлендіргіштермен өлшеу; тіркеу әдістері, өздігінен жазу, температураны өлшеу тәсілдері туралы ұғым.</p>	<p>шамаларды өлшеу тәсілдерін; - өлшеу шектерін кеңейту тәсілдерін. <b>Іскерліктер:</b> - зертханалық жұмыстарды орындау кезінде өлшем бірліктері мен формулаларды пайдалану; - шунт кедергісін және қосымша кедергілерді анықтау; - ө л ш е у трансформаторларын таңдау; - электр тізбектерінің параметрлерін анықтау; - дәлдік аспаптарды пайдалану және қосу сұлбаларын орындау; - тіркеу аспабын таңдау алу.</p>	БҚ 1,2 КҚ3.1.1
ЖКП 05	<p><b>Электротехниканың теориялық негіздері.</b> Тұрақты токтың электр тізбектері; электр өрісі туралы ұғым; потенциалдар және потенциалдардың түрлілігі, электр тогы, оның физикалық мәні және есептеу әдістері; кедергі, өтімділік; электр қозғаушы күштер; электр т і з б е г і н байланыстырушы электротехника заңдары; электр тізбегінің байланыстырушы параметрлері; электрмагниттік өріс және оның құрауыштары; магниттік және электрлік тізбектерде өтетін электрмагниттік процестер; магниттік тізбектерді есептеу; электрмагниттік индукция; синусоидал токтың электр тізбектері; тұрақты және айнымалы токтың электр тізбегін</p>	<p><b>Білімдер:</b> - негізгі электрлік және магниттік құбылыстарды, олардың физикалық мәнін және іс-жүзінде қолдану мүмкіндігін; - электротехника негізделген физикалық заңдарды және бұл заңдардан туындайтын салдарларын; ережелерін, есептеу әдістерін; - теориялық электротехникада жиі қолданылатын терминдер мен анықтамаларын; - алмастыру сұлбаларында қолданылатын электр тізбектері элементтерінің шартты графикалық белгіленуін; - электрлік және магниттік шамалардың өлшем бірліктері мен әріптік таңбалануын. <b>Іскерліктер:</b> - тұрақты және айнымалы токтың электрлік</p>	БҚ 1,2,3,4 КҚ 3.1.1

	<p>есептеу; тұрақты және айнымалы токтың сызықты емес тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; синусоидалы емес токтың электр тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; электр тізбектеріндегі өтпелі процестер; тарату параметрлері бар электр тізбектері.</p>	<p>тізбектеріне есептеу жүргізу; - электр машиналары мен трансформаторларды оқыған кезде электр магниттік индукция заңын қолдану; - өтпелі процестердің электрлік шамалары мен өту уақытының параметрлерін анықтау.</p>	
	<p><b>Электр машиналары және трансформаторлар.</b> Тұрақты ток машиналары : тұрақты ток машиналарының (ТТМ) қайтымдылығы; жұмыс принципі, конструкциясы ; ТТМ магниттік тізбегі; параллель қоздыру қозғалтқышы; ТТМ қуат шығыны мен ПӘК: арнайы машиналар; трансформаторлардың міндеті; жұмыс принципі; трансформаторларды жалғау сұлбалары мен топтары ; трансформаторлардың бос жүріс және тұйықталу режимдері; трансформаторлардың қуат шығындары мен ПӘК ; трансформаторлардың параллель жұмысы; синхронды</p>	<p><b>Білімдер:</b> - электр машиналары мен трансформаторлардың жұмыс қағидасы негізіндегі электр магниттік және электрлі механикалық процестерді; - электр машиналары мен трансформаторлардың негізгі қасиеттерін, құрылымдық ерекшеліктерін және сипаттамаларын; олардың қолданылу саласын; - электр жетегін басқару сұлбаларын; - механизмдер қозғалтқышын таңдау және тексеру шарттарын; - электр жетегінің жұмыс жылдамдығын реттеу және беріктігін анықтау тәсілдерін. <b>Іскерліктер:</b> - электр машиналары мен трансформаторлардың типін конструкциялары және паспорттық мәліметтері бойынша анықтау; - қозғалтқыш сұлбаларын жинау және сипаттамаларын алу; - зәкір орамдарының толық сұлбалары параметрлерін есептеу және орындау бойынша есептер шығару; тұрақты</p>	

ЖКП06

генераторлардың жұмыс принципі мен конструкциясы; синхронды қозғалтқыштардың жұмыс принципі мен конструкциясы; синхронды қозғалтқыштарды іске қосу; синхронды қозғалтқыштардың векторлық диаграммасы мен бұрыштық сипаттамасы; синхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамалары; асинхронды машиналар; асинхронды машиналардың жұмыс принципі мен конструкциясы; асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамалары; асинхронды қозғалтқыштарды іске қосу; АҚ жиілігін реттеу; іске қосу сипаттамалары жақсартылған қозғалтқыштар; электржетегінің механикалық бөлігінің құрылымы және есептік сұлбалары; электржетегінің орнатылмаған механикалық қозғалысы; электржетегі координаталарын реттеу түсінігі; тұрақты ток қозғалтқыштары бар электржетегі; тәуелсіз қоздырғыштың тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; асинхронды және синхронды айнымалы ток қозғалтқыштары бар электржетегі; электрқозғалтқыштардың қуатын есептеу, таңдау және тексеру.

токтың магниттік тізбегін есептеу бойынша есептер шығару; коллекторлы машиналардың ЭҚК, электр магниттік моменттерін және жиілігін есептеу; бұл машиналар сипаттамаларын есептеу; - трансформаторлардың, синхронды, асинхронды машиналардың параметрлері мен сипаттамаларын есептеу бойынша есептер шығару ; - тұрақты ток қозғалтқыштары мен генераторларына тексеру жүргізу және жұмысын білу; - үш фазалы қозғалтқыш жұмысын түсіндіру; - жетектерді бірқалыпты іске қосу жүйесінің ықтимал ақауларын бағдарламалау және анықтау; - әртүрлі жүйелер мен механизмдердің механикалық және температуралық сипаттамасына талдау жүргізу; - үш фазалы индуктивті моторлардың жұмыс сипаттамасын талдау; - жетектердің бірқалыпты іске қосылуын және жұмысын талдау, олардың әртүрлі өнеркәсіптік қолданылуы ; - синхронды генераторлардың немесе альтернаттардың жұмыс сипаттамасын талдау; - альтернаттардың параллель жұмысын тексеру; - синхронды қозғалтқыштардың

БҚ 2,7,10  
КҚ 3.1.1

		<p>жұмыс сипаттамасын талдау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бір фазалы қозғалтқыштардың әр түрлі типтерінің жұмыс сипаттамасын талдау;</li> <li>- әртүрлі үш фазалы конфигурацияларға қосылған трансформаторлардың сипаттамасын талдау.</li> </ul>
ЖКП 07	<p><b>Электроника.</b>          Электр вакуумдық және ионды аспаптар; жартылай өткізгіш аспаптар: диодтар, транзисторлар, тиристорлар; интегралды микросұлбалар; микроэлектронды құрылғылар жіктемесі; таңбалануы; микроинтегралды орындауда элементтер мен сұлбаларды дайындау технологиясы; күшейткіштер; қорек көздері: түзеткіштер, жазу сүзгілері, кернеу көбейткіштері, тұрақтандырғыштар, инверторлар мен жиілік түрлендіргіштер; желілік тербеліс генераторлары; импульстік және сандық құрылғы элементтері; микропроцессорлық</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- электроника элементтерінің құрылысын, жұмыс принципін, вольтамперлік сипаттамаларын және негізгі параметрлерін;</li> <li>- микропроцессорлық техниканың электронды құрылғылары мен элементтерінің құрылу принципін, типтік түйіндерін және сұлбаларын;</li> <li>- өнеркәсіптік электрониканы пайдалану шарттары мен қолданылу саласын.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- үлгілік электронды сұлбаларды оқу;</li> <li>- электронды аспаптар мен құрылғыларды зертханалық зерттеу бойынша эксперименттер жүргізу, техникалық және анықтамалық әдебиетті пайдалану;</li> <li>- негізгі есептік арақатынастар бойынша есептер шығару;</li> <li>- диодтар мен жарық диодтарының негізгі қасиеттерін түсіндіру;</li> <li>- p-n өткізгіш диодтар мен жарық диодтарының негізгі ерекшеліктері және параметрлері;</li> <li>- электр түзеткіші ретінде пайдаланылатын</li> </ul>



	<p>техника элементтері: санауыштар, тіркеуіштер, дешифраторлар, компараторлар, информаторлар; импульс қалыптастырғыштар мен түрлендіргіштер.</p>	<p>түзеткіштердің жалпы сұлбасы, маңызды қасиеттері;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қоректендірудің көп тараған сүзгілерін реттеу сипаттамасын анықтау;</li> <li>- тірек диодының жұмыс қағидасын түсіндіру және диодты іске қосу сұлбалары үшін кернеу реттегіші мен синхрондаушы аспаптар ретінде қолдану;</li> <li>- тізбек элементі ретінде қолданылатын биөрісті жазық диодтардың негізгі қасиеттерін сипаттау;</li> <li>- БЖД және тізбектің жылжуының әртүрлі кескін үйлесімін транзисторды пайдалана отырып талдау жасау.</li> </ul>	<p>БК 1,3,7 КҚ3.1.1</p>
<p>ЖКП08</p>	<p><b>Компьютерлік технология негіздері және компьютерлік жобалау.</b> Windows АЖ; Microsoft Word мәтіндік редактор; Excel электронды кесте; деректер базасы; компьютерлік желілер; Auto Cad графикалық редактор; ЭЕМ және курстық жобалауда қолдану; автоматтандырылған</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жоғары деңгей тілінде алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерін ;</li> <li>- пайдаланушыға компьютерді жөнге келтіруді; желіде жұмыс жасауды;</li> <li>- о ф и с т і к бағдарламалармен жұмыс жасауды.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- АЖ баптау;</li> <li>- мәтінді пішімдеу және түзету енгізу; кестелер құру және түзету енгізу;</li> <li>- ақпаратты алу және жөнелту үшін жергілікті желі мен жаһандық желіні пайдалану;</li> <li>- сызбалар құру және түзету енгізу;</li> <li>- басқару жобалары негіздерін қолдану және қосымшаның негізгі элементтерін анықтау;</li> <li>- жаңа жобаның кестесін құру және бағдарламалық</li> </ul>	

	<p>жұмыс орындары; компьютерлік жобалауға кіріспе; жобалау негіздері; жоба кестесін құру; міндеттердің кезектілігін анықтау; ресурстарды бөлу; жобаны іске асыру барысын басқару; қарау және есеп беру нұсқалары.</p>	<p>қамсыздандыруды пайдалана отырып, бастапқы жоспарды құру; - тапсырмалардың тиімді байланысын белгілеу және бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалана отырып, уақытша шектерді қолдану;</p> <p>- бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалана отырып, қор жүктемелері мен шығындарды анықтау және ұйымдастыру;</p> <p>- жобаның орындалуын талдау және жоба мақсаттары орындалатындай кесте құру;</p> <p>- бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалана отырып, қарау және есеп беру нұсқаларын пішімдеу және құру.</p>	<p>БҚ 1,3,7 КҚ3.1.1</p>
<p><b>АП 00</b></p>	<p><b>Арнайы пәндер</b></p>		
	<p><b>Метрология негіздері және өлшеу құралдары.</b> Метрология негіздері: негізгі ұғымдар мен анықтамалар; өлшеу құралдары және олардың негізгі сипаттамалары; АМЖ өлшеу түрлендіргіштері: бастапқы өлшеу түрлендіргіштері; электр өлшеу тізбектері; АМЖ сигналдарының түрлендіргіштері; электр өлшеу аспаптары және электрлік өлшеу; кеңейту термометрлері; кедергінің жылу түрлендіргіштері; термоэлектрлік жылу түрлендіргіштер; пирометрлер; қайталама түрлендіргіш аспаптары; қысым мен қысым айырмасын өлшеу</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <p>- өлшеу құралдарының негізгі метрологиялық сипаттамаларын;</p> <p>- өлшеу құралдарының құрылымын;</p> <p>- өнеркәсіптік аспаптар мен автоматтандыру құралдарының мемлекеттік жүйе құрылымын;</p> <p>- электр өлшеу аспаптарының және өлшеу тізбектерінің негізгі түрлері мен жұмыс қағидаларын;</p> <p>- электрлік өлшеу әдістемесін;</p> <p>- өлшеу нәтижелерін талдау әдістемесін;</p> <p>- электрлік емес шамаларды өлшеуге</p>	

АП 01

аспаптары: сұйықтық аспаптары; серіппелі аспаптар; мембраналы аспаптар; сальфонды аспаптар; деформациялы шкаласыз аспаптар және қашықтан беру түрлері; зат шығыны мен мөлшерін өлшеу аспаптары: шығынды айнымалы қысым айырмасыәдісімен өлшеу ; жедел шығын өлшеуіштер мен санауыштар; көлемді шығын өлшеуіштер; тахометриялық шығын өлшеуіштер; гидростатикалық және акустикалық деңгей өлшеуіштер; заттардың физика-химиялық қасиеттерін өлшеу аспаптары: ауа ылғалдылығын және тозаңдануын өлшеу аспаптары; тығыздықты өлшеу аспаптары; тұтқырлықты өлшеу аспаптары; сұйық ортаның электр өтімділігін өлшеу аспаптары; химиялық құрамды өлшеу аспаптары; деңгейді өлшеу аспаптары: қалтқымалы және буйкалы деңгей өлшеуіштер; сыйымды, кондуктометриялық және радиоактивті деңгей өлшеуіштер; АМЖ ақпаратын бейнелеу құрылғылары: ұқсас көрсететін және қайталама тіркеуаспаптары; сандық қайталама көрсететін аспаптар; орталықтандырылған бақылау құралдары.

арналған аспаптардың негізгі түрлері мен жұмыс қағидасын;  
- АМЖ ұқсас және сандық аспаптарының негізгі түрлері мен жұмыс қағидаларын;  
- технологиялық процестердің әртүрлі параметрлерін өлшеуге арналғанаспаптардың жинағын;  
- орталықтандырылған бақылау жүйесінің құрылымын.

**Іскерліктер:**

- өлшенетін шаманың ең ақиқат мәнін анықтау;
- әртүрлі физикалық шамаларды өлшеу үшін алғашқы өлшеу түрлендіргіштеріне таңдау жүргізу;
- жинақты таңдауды жүзеге асыру: жылу түрлендіргіш – қайталама аспап;  
- жылу түрлендіргіштердің статикалық сипаттамаларын алу және талдау;
- температураны өлшеу аспаптарын іске қосу;
- аспаптардың статикалық сипаттамаларын алу және талдау; аспаптарға баптау жүргізу;
- дифманометрлерді іске қосу;
- газ талдауыштың және сұйық талдауыштың сипаттамаларын алу және талдау;
- қайталама аспаптарға баптау жүргізу.

БҚ 1,3,4  
КҚ3.1.1

**Білімдер:**

- мұнайдың, табиғи газдың, қабатты судың

АП 02

**Сала технологиясы.**

Мұнайдың, табиғи газдың, қабатты судың физика-химиялық қасиеттері; мұнай, газ және газконденсатты кен орындары туралы негізгі мәліметтер; мұнай кен орындарын өндіру негіздері және ұңғымаларды пайдалану; мұнай мен газды қайта өңдеу негіздері; мұнай-газ өндіруде ақпараттық технологияны қолдану; мұнайдың әлемдік нарығы.

физика-химиялық қасиеттерін;  
- мұнай, газ және газконденсатты кен орындары туралы негізгі мәліметтерді;  
- мұнай мен газды қайта өңдеу негіздерін;  
- мұнай-газ өндіру және қайта өңдеу процесіндегі ақпараттық технологияны.

**Іскерліктер:**

- мұнайдың, табиғи газдың, қабатты судың физика-химиялық қасиеттерін түсіндіру;  
- мұнай мен газды өндіру негіздері, кен орындарының пайда болу табиғатын түсіндіру;  
- кен орындарын іздеу мен барлаудың әртүрлі тәсілдерін білу және қолдану, іздеу-барлау жұмыстарының негізгі кезеңдерін сипаттау;  
- мұнай мен газды қайта өңдеудің негізгі кезеңдерін білу, қайта өңдеу өнімдерін және олардың айырмашылықтарын білу, мұнай өңдейтін және газ өңдейтін зауыттар түрлерінің жіктемесі, сондай-ақ мұнай-газ өңдеудің қазіргі жағдайын бағалау;  
- мұнай-газ өндіру саласында қолданылатын жаңа бағдарламалық жабдықтарды таңдау және қолдану;  
- әлемдік нарықта мұнай мен газдың жағдайын пайымдау, халықаралық сауда ерекшеліктерін, мұнайға баға айналымындағы ОПЕК рөлін білу.

БҚ 1,3,4  
КҚ 3.1.1

**Энергожүйелердің электр желілері.**

Электр тораптары туралы негізгі ұғымдар, оларға қойылатын талаптар; әуе және кабель желілерінің негізгі элементтері; артықшылықтары, кемшіліктері, қолданылу саласы; электр тораптарының элементтеріндегі қуат пен электр энергиясы шығыны; өткізгіштің үнемді қимасын таңдау; қыздыруға тексеру; электр тораптарының қорғаныстық аппараттары; рұқсат етілетін ауытқулар және кернеу шығындары; бір фазалы және үш фазалы тораптарда кернеу шығынын анықтау; қарапайым және күрделі тұйық электр тораптарының артықшылықтары, кемшіліктері, қолданылу саласы; электржабдығының сенімділігі мен бүлінуі; шығын; электр энергиясының сапасы; кернеуді реттеу тәсілдері; реактивті қуат компенсациясы; өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау жүйелерін; өнеркәсіптік кәсіпорындардың цехішілік электрмен жабдықталуы; цехтардың күштік және жарықтандыру жабдықтары туралы жалпы мәліметтер; электрмен жабдықтаудың және жұмыс режимінің үздіксіздік дәрежесі бойынша электр энергиясы қабылдағыштарының жіктелуі; 1000В. дейін қондырғыларда электр

**Білімдер:**

- электр берілісінің әуе және кабель желілерінің құрылымын;
- әртүрлі кернеудегі электр тораптары жұмысының сенімділігі және үнемділігі мәселелерін;
- электр тораптарының электр сұлбаларын құру қағидасын;
- энергетикалық жүйелер туралы негізгі мәліметтерді, зауыттар мен кәсіпорындарды электрмен жабдықтауды;
- кәсіпорындардың күштік және жарықтандыру жабдықтары туралы жалпы мәліметтерді;
- электр энергиясы қабылдағыштарының жіктелуін;
- электр берілісі желілерінің құрылымдық ерекшеліктері мен электр қосалқы станциялардың электржабдығын.

**Іскерліктер:**

- электр тораптарын жіктеу;
- қолданылатын құрылымдық материалдар мен белгіленуі бойынша желі элементтерін жіктелу;
- кабельді жіктеу;
- жарықтандыру қондырғыларының электр сұлбаларын оқу;

	<p>желілерін қорғау; зауыттар мен кәсіпорындардың өнеркәсіптік алаңдарын электрмен жабдықтау; кернеуі 1000В. жоғары өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау сұлбалары; басты төмендеткіш қосалқы станциялар (БТҚС) және тарату қосалқы станциялары (ТҚС); қысқа тұйықталулар; электр энергиясының сапасы; кернеуді реттеу тәсілдері, кернеуі 1000В. жоғары желілерде реактивті қуатты өтеу.</p>	<p>- өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау сұлбаларын оқу; - асқын кернеуден қорғау сұлбаларын оқу.</p>	<p>БК 1,3,4 КҚ 3.1.1</p>
	<p><b>Электр талдамасы.</b> Айнымалы токтың параллель және тізбекті тізбектерінің талдамасына шолу; эквивалентті жүктеме талдамасы; параллель және тізбекті кедергі талдамасы; желі талдамасы; үш тарамды тізбек; "жұлдызша-үшбұрыш"</p>	<p><b>Білімдер:</b> - айнымалы токтың параллель және тізбекті тізбегін; - желілер талдамасын; - үш фазалы көздерді, үш фазалы жүктемелерді; - қуатты және қуат коэффициентін; - қуатты өлшеуді; <b>Іскерліктер:</b> - тізбек бойынша есептерді шығару үшін қуат коэффициентін түзету ерекшелігінде кешенді алгебраны және векторлы диаграмманы қолдану; - белгілі параметрлер бойынша жүктеменің эквивалентті тізбегін анықтау; - кедергінің параллель/тізбекті комбинациясын талдау; - пассивті желінің бір көзінің параметрін анықтау үшін заңдар мен ережелерді қолдану; - Кирхгоф ережесін қолданумен бір фазалы үш талсымды жүйені талдау;</p>	

<p>АП 04</p>	<p>косылыстарының эквиваленттігі; үш фазалы көздер; үш фазалы жүктемелер; қуат және қуат коэффициенті; қуатты өлшеу; дерекнама модельдері; Тевенин және Нортон теоремалары; максималды қуатты тасымалдау; контур мен тарамдардың теңдеуі; көпконтурлы тізбектің контуры бойынша талдау.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- "жұлдызша-үшбұрыш" түрлендіруде қолданылатын тізбекті талдау;</li> <li>- айнымалы токтың үш фазалы көздерін талдау;</li> <li>- үш фазалы жүктемені талдау;</li> <li>- қуатты, қуат коэффициентін, балансты және балансты емес үш фазалы тізбекте соңғы қуатты есептеу;</li> <li>- бір үш фазалы жүйеде қуатты өлшеу үшін қолданылатын техниканы қолдану;</li> <li>- көптеген мөлшерде модель көздері бар тізбек және суперпозиция теоремасы бойынша есептер шешу;</li> <li>- екі қысқышты желіні эквивалентті желіге дейін азайту жолымен айнымалы және тұрақты ток желіні талдау;</li> <li>- ең жоғары жүктеме қуатын құру үшін тізбекке бөлшектеу жүргізу;</li> <li>- көп контурлы тізбек контуры бойынша талдауды қолдана отырып, тізбекке талдау жүргізу.</li> </ul>	<p>БК 1,3,4 КҚЗ.1.1</p>
<p>АП 05</p>	<p><b>Жартылай өткізгіштердің қолданылуы.</b> Операционды күшейткіштер; кремний басқарылатын диод; Диак /Триак/талшықты оқшаулағыштар; үш фазалы түзеткіштер; синхрондау тізбектері; жиіліктің статикалық түрлендіргіштері;</p>	<p><b>Білімдер:</b> -операционды күшейткіште қолданылатын жұмыс сипаттамаларын және әртүрлі тізбектерін; - диактар мен триактардың жұмыс сипаттамаларын; - үш фазалы түзеткіштерді. <b>Іскерліктер:</b> - үш фазалы түзеткіш сипаттамаларын сипаттау және тексеру; - синхронизация тізбегі жұмысын сипаттау;</p>	

	<p>үздіксіз энергиямен жабдықтау көздері; тұрақты ток қозғалтқышын басқару.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жиіліктің статикалық түрленуін талдау;</li> <li>- үздіксіз энергиямен жабдықтау көздерін талдау;</li> <li>- тұрақты ток қозғалтқышын басқарудың әртүрлі типтерін сипаттау.</li> </ul>	<p>БК 1,3,4 КҚ 3.1.1</p>
<p>АП 06</p>	<p><b>Энергожүйелер.</b> Энергожүйеге, электр беріліс желісіне шолу; энергожүйені талдау негіздері; ағын тарату жүктемелерін талдау; ҚТ тізбегін талдау; сақтандырғыштар, сөндіргіштер, максималды ток релесі; релелік қорғаныс пен автоматиканың жалпы мәселелері: электрэнергетикалық жүйелердегі бөлінулер мен бейқалыпты жұмыс режимдері; өлшеу трансформаторлары, реттеуші органдар, оперативті ток көздері, логикалық, сигналдық және атқарушы органдар; релелік қорғаныс, оның функциялары, релелік қорғанысқа қойылатын талаптар; электр берілісі желілерінің, трансформаторлардың, компенсаторлардың, э л е к т р қозғалтқыштардың, жинақтаушы шиналардың, шығырлардың релелік қорғанысы; энергожүйелердің автоматикасы: АҚҚ, РАІ, ҚАР, КАР; өртке қарсы автоматика, автоматтық синхрондау; электр станциялары мен қосалқы станциялардың қосымша тізбектері; ток тізбектерін ұйымдастыру,</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- негізгі және көмекші реленің құрылғысы мен жұмыс қағидасын;</li> <li>- қорғаныстың қағидалық сұлбаларын;</li> <li>- релелік қорғаныс талаптарын;</li> <li>- желілердің дифференциалдық қорғанысының, құрама шиналардың, трансформаторлардың, э л е к т р қозғалтқыштарының жұмыс қағидасын;</li> <li>- АҚҚ, РАІ, ҚАР, КАР белгіленуі мен жұмыс қағидасын;</li> <li>- энергожүйені талдау негіздерін;</li> <li>- қазіргі энергожүйенің негізгі компоненттерін, халықаралық, мемлекеттік және аймақтық басқару органдарының міндетін.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- стандартты және Пи есептеулерді қолдана отырып үш фазалы желіні талдау;</li> <li>- энергожүйенің ағын жүктемесіне талдау жасау;</li> <li>- жоғары және төменгі кернеу жүйесінде ҚТ үш фазалы желінің жалпы тогын есептеу;</li> <li>- энергожүйеде қолданылатын қорғаныстың әртүрлі типтерін түсіндіру;</li> </ul>	



	<p>кернеу, оперативті тұрақты және айнымалы ток, аппараттарды басқару, сигнал беру; коммерциялық есепке алу; қауіпсіздік.</p>	<p>- жабдықты зерттеу және есепке алу аспаптарын орнату дәлдігін тексеру; - жоғары қысым жүйелерімен байланысты қауіптілікті және алдын алу шараларын түсіндіру.</p>	<p>БҚ 1,3,4 КҚ 3.1.1</p>
	<p><b>БЛК –Contrologix қосымшасы.</b> Logix жиынына шолу; Contrologix аппараттық құралдар компоненттері; RSLogix 5000 бағдарламалық</p>	<p><b>Білімдер:</b> -RSLogix 5000 бағдарламалық қамсыздандыру және бағдарламалау техникасы ерекшеліктерін; - RSLogix5000 бағдарламалық белгілеулерін; - математикалық және логикалық әмірлерді; - ұқсас сигналдар; енгізудің ұқсас модульдерін; - процесс контроллерін. <b>Іскерліктер:</b> - Allen Bradley Logix жиынының әртүрлі платформаларын және ерекшеліктерін анықтау; - Contrologix жүйесі командаларын анықтау; - мақсатыңызға жету үшін параграфтар құру; - RSLogix 5000 бағдарламалық қамсыздандыру ерекшеліктерін түсіндіру және жұмыс панелі мен әзірлеу құралдарын ұйымдастыруды анықтау; - RSLogix 5000 ПК бағдарламаларында қолданылатын негізгі нұсқаулар жиынтығының функциясын анықтау және қолдану; - I/O Contrologix жүйесіне енгізу және ретке келтіру үшін талап етілетін әдістерді көрсету; - БЛК бағдарламасын on line режимінде талдау және өзгерістер енгізу;</p>	

АП 07

- аппаратуралар мен екіншілік коммутация тізбектерін тексеру, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және монтаждау бойынша күрделі емес жұмыстарды орындау;
- сақтандырғыштардың барлық типтерін монтаждау;
- электр жабдықтарына жоспарлы және кезектен тыс тексеру жүргізу ;
- технологиялық карталарға сәйкес электр жабдығына техникалық қызмет көрсету;
- ақаулар табылмаған жағдайда жөндеуге жатпайтын электр жабдықтарды ауыстыру;
- электр жабдықтарын монтаждау сұлбаларын және жөндеу жұмыстарын орындау,

машиналардың механикалық және электрлік бөлігіне, орташа күрделіліктегі түйіндері мен тетіктеріне техникалық қызмет көрсету, сынақтан өткізу.

КҚ 2.1.2 Жұмыстарды орындау үшін; өзінің және өзгелердің қауіпсіздігі үшін; қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындау үшін жауапты болу:

- қауіпсіздік техникасы ережелерін және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;

- жөндеу және монтаждау жұмыстарының технологиясын сақтау.

КҚ 2.1.3 Үлгілік тәжірибелік есептерді шығару; білімдері мен тәжірибелері негізінде белгілілерден амалдарды таңдау:

- электр жабдығының қарапайым ақауларын анықтау және оларды жою;

- монтаждау жұмыстарын жүргізу үшін құрал-саймандарды пайдалану;

- электр беріліс желілерін жөндеу және алдын алу жұмыстарын жүргізген кезінде кернеумен және кернеусіз жоғарыда орындалатын жұмыс тәсілдерін таңдау;

- ток және кернеу трансформаторларын сынау үшін сұлбаларға жинау жүргізу;

- телемеханика және автоматика релесіне механикалық реттеуді орындау;

- қоректендіру оқшаулауын тексеру; барлық типті түйіспелерді, іске қосқыштарды, басқару кілттерін жөндеу және реттеу;

- сызбалар, сұлбалар, нобайлар бойынша жұмыстарды орындау.

КҚ 2.2.1 Жұмыстарды үлгілік жағдайларда өз бетімен және кәсіптік қызметтің күрделі жағдайларында басшылықпен жүзеге асыру:

- электр машиналарын және оларға жататын жабық тарату құрылғыларының қосып-реттеу

2. Жоғары деңгей

2.2  
090102 2 – Электр  
станцияларындағы электр  
жабдықтарын жөндеуші электр  
слесарі

аппаратурасын бөлшектеу, жөндеу және жинау;

- трансформаторларға күрделі жөндеу жүргізу және техникалық тексеруден өткізу;
- май тазарту аппаратурасына пайдалану-жөндеу қызметін көрсету;
- ток өтетін тетіктерге қалайы дәнекерлеумен қалайылау;
- оқшауланған білдектерде фасонды және дөңгелек сымдарға оқшаулама салу жұмыстарын орындау;
- 11-12 квалитет бойынша (4-5 дәлдік класы) тетіктерді слесарлық өңдеу;
- жылу техникалық бақылауды, автореттеуді және басқаруды өлшеу құралдарының ақауын анықтау және жою;
- технологиялық жабдықтардың релелік қорғаныс және автоматика сұлбаларының құрылғыларын баптау және орнату;
- кернеуі 35 кВ. дейінгі ашық және жабық тарату құрылғыларының электр жабдықтарын бөлшектеу, жөндеу және жинау;
- кернеуі 35 кВ. дейінгі орамадарды ауыстыра отырып, трансформаторларды жөндеу;
- реакторларды, күштік трансформаторлардың доға сөндіретін катушкаларын активті бөлігін ашпай 100 кВ. дейінгі кернеуде жөндеу;
- жабдықтар мен аппаратуралардың ақауларын анықтау және жою;
- үлгілік номенклатура бойынша турбогенераторлар мен олардың коздырғыштарына, синхронды компенсаторлар мен оларды жалғау жабдықтарына ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарн орындау;
- қуаты 40000 кВА. дейінгі, кернеуі 100 кВ. дейінгі екі орамды күштік трансформаторларға, кернеуі 35 кВ. дейінгі өлшеу

трансформаторларына,  
реакторларға техникалық тексеру  
және жөндеу жүргізу;

- гидрогенераторларға және олардың қоздырғыштарына, түрлендіргіштеріне ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын орындау;
- негізгі және қосымша отын беру жабдығын жөндеу;
- жүк көтергіш машиналар мен механизмдердің түйіндерін жөндеу, қалпына келтіру және жинау;
- такелаждық жұмыстарды орындау;
- такелаж жабдықтарын сынақтан өткізу және жабдықтау.

КҚ 2.2.2 Жұмыстарды орындау үшін; өзінің және өзгелердің қауіпсіздігі үшін; қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындау үшін жауапты болу;

- қауіпсіздік техникасы ережелерін және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;
- жөндеу және монтаждау жұмыстарының технологиясын сақтау.

КҚ 2.2.3 Үлгілік тәжірибелік есептерді шығару; білімдері мен тәжірибелері негізінде білетіндерден әрекет ету тәсілдерін таңдау:

- жөнделетін электр жабдықтың ақауын анықтау және оларды жою ;
- слесарлық жұмыстарды жүргізуге арналған құрал-саймандарды пайдалану;
- монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған құрал-саймандарды пайдалану;
- орташа күрделіліктегі жалғаулардың сұлбаларын құру және орташа күрделіліктегі жалғау сұлбаларын монтаждау;
- электр жабдығын жөндеуге ақау ведомосін жасау және паспорттар толтыру;
- тетіктердің тозу дәрежесін, ақауларын және алдағы уақытта



		олардың жұмысқа жарамдылығын анықтау.
2. Жоғары деңгей	2.3 090103 2 - Күштік тораптар мен электр жабдықтарының электр құрастырушысы	<p>КҚ 2.3.1 Жұмыстарды үлгілік жағдайларда өз бетімен және кәсіптік қызметтің күрделі жағдайларында басшылықпен жүзеге асыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- 10 кВ. дейін кернеумен кабельдің қимасын орындау;</li> <li>- сымдардың барлық түрлері және жерлендіру шиналары үшін қабырғалар мен жабындар арқылы өтпелерді бітеу;</li> <li>- жерлендіру және нөлдеу құрылғыларының желілерін монтаждау;</li> <li>- электрмонтаждау жұмыстарын орындауға арналған материалдар мен жабдықтарды толымдау;</li> <li>- ашық және жабық типті тарату пункттерін, қарапайым қосып-реттеу аппараттары мен аспаптарын бөлшектеу және құрастыру;</li> <li>- механикалық тәсілмен дәнекерленген жерлерді өңдеу және жерлендіру шиналарына дәнекерлеуді орындау.</li> </ul> <p>КҚ 2.3.2 Жұмыстарды орындау үшін; өзінің және өзгелердің қауіпсіздігі үшін; қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындау үшін жауапты болу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қауіпсіздік техникасы ережелерін және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;</li> <li>- жөндеу және монтаждау жұмыстарының технологиясын сақтау.</li> </ul> <p>КҚ 2.3.3 Үлгілік тәжірибелік есептерді шығару; білімдері мен тәжірибелері негізінде білетіндерден әрекет ету тәсілдерін таңдау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- электр сұлбаларымен жұмыс істеу;</li> <li>- монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған құрал-саймандарды пайдалану;</li> <li>- электр жабдықтардың, кабельдердің және сымдардың</li> </ul>

		<p>окшаулау кедергісін өлшеу тәсілдерін меңгеру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- күштік желілер мен электр жабдықтарын монтаждаудың әр түрлі тәсілдерін меңгеру.</li> </ul>
		<p>КҚ 3.1.1 Өздігінен міндеттерді анықтауды, бағынышты қызметкерлермен норманы ұйымдыстыруды және бақылауды орындауды қарастыратын технологиялық процестерді іске асыру бойынша атқарушылық-басқару қызметін жүзеге асыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- технологиялық регламентке сәйкес өндірістік учаскеде жұмысты ұйымдастыру;</li> <li>- ақаулардың, апаттардың себептерін анықтау және оларды жою;</li> <li>- орындалатын жұмыстардың сапасын бақылау;</li> <li>- техникалық сызбалар мен сұлбаларды оқу және әзірлеу;</li> <li>- электр станциялары мен желілердің электр жабдығына техникалық пайдалануды, монтаждауды, жөндеуді және баптауды жүзеге асыру;</li> <li>- электр жабдығының жұмысындағы ақаулар мен істен шығулардың себептерін анықтау, оларды жою;</li> <li>- электр жабдықтарын жөндеудің, жөндеуді ұйымдастырудың және монтаждаудың кестелері мен технологиялық карталарын құру;</li> <li>- желіні, трансформаторды, қозғалтқышты қорғаудың күрделі емес жөндеулерін орындау;</li> <li>- электр қондырғыларында жедел ауыстырып-қосуды орындау;</li> <li>- энергожүйенің диспетчерлік қызметімен жұмыс істеу;</li> <li>- қосалқы станция жабдықтарының жұмыс режимін белгіленген параметрлері бойынша қамтамасыз ету;</li> <li>- апаттарды жою бойынша жедел ауыстырып-қосуды жүргізу;</li> <li>- релелік қорғаныстың, қашықтықтан басқарудың, сигнал</li> </ul>

3. Орта буын маманы

3.1  
090104 3 – Техник-электрик

берудің, электр автоматикасының күйін бақылау;

- тарату желілерінің электр жабдықтарын тексеру;

- тарату пункттерінің, трансформаторлық қосалқы станциялардың, тарату тораптарының электр берілісінің әуе және кабель желілерінің жабдығына қызмет көрсету;

- тарату тораптарының жабдығын жөндеу;

- жөндеу (баптау) жұмыстарының жұмыс орындарын дайындау.

КҚ 3.1.2 Бағынышты қызметкерлердің қызмет нәтижелері үшін; өзінің және өзгенің қауіпсіздігі үшін; қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындауда жауапкершілік алу:

- электр станциялары мен желілердің электр жабдықтарының дұрыс пайдаланылуына бақылау жүргізу;

- электр жабдықтарын пайдалану ережелері туралы нұсқаулық жүргізу;

- жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды орындау;

- өндірістің экологиялық қауіпсіздік талаптарын және қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау;

- электр тогынан зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;

- өндірістік жарақаттану себептерін талдау;

- өндірістік учаскелерде жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету;

- қауіпсіздік техникасы ережелерінің орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

- жөндеу және монтаждау жұмыстарының сапасын бақылауды жүзеге асыру.

КҚ 3.1.3 Жұмыс жағдайларына өз бетімен талдау жүргізуді талап

		<p>ететін әр түрлі үлгілік тәжірибелік есептерді шешу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өндірістік бөлімше қызметінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін есептеу;</li> <li>- өндірістік қызметтің тиімділігін бағалау;</li> <li>- кәсіпорынның қаржы-экономикалық бөлімшелерінде пайдалану үшін электр энергиясын есепке алу мәліметтерін өңдеу;</li> <li>- электр станциялары мен желілерінің электр жабдығын монтаждау, баптау, жөндеу, техникалық қызмет көрсету, пайдалану бойынша техникалық құжаттаманы рәсімдеу;</li> <li>- өлшеу құралдарына, бақылау және басқару жүйе элементтеріне, автоматтық құрылғылар мен реттеуіштерге, технологиялық қорғаныс құрылғыларына, шектеу және сигнал беру құрылғыларына, қашықтықтан басқару құрылғыларына қызмет көрсету;</li> <li>- кәсіптік міндеттерді шешуде ақпараттық технологияларды қолдану;</li> <li>- кәсіптік қызмет саласында бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгеру.</li> </ul>
--	--	---

### Қысқартулар мен белгілер

МЕМСТ – мемлекеттік стандарт

ЭЕМ - электронды есептегіш машина

ТПБАЖ - Технологиялық процестерді басқарудың автоматты жүйесі

ӨЖ - өлшеу жүйесі

ЖЖ - жедел жүйе

ӨАБЖ - Өндірісті автоматты басқару жүйесі

ТТМ - тұрақты ток машиналары

АРЖ - автоматы реттеу жүйесі

ҚТ - қысқа тұйықталу

ПӘК - пайдалы әсер коэффициенті

РҚ - релелік қорғаныс

ЖЖН - жүйелік жалғауларды нақтылау

ЖЭС - жылу электр станциясы

СЭС - су электрстанциясы

АЭС - атом электр станциясы

АМЖ - Автоматтандырудың мемлекеттік жүйесі

ЕҚ - есте сақтау құрылғылары

ЖЕҚ - жедел есте сақтау құрылғысы

ТЕҚ - тұрақты есте сақтау құрылғысы

НТҚС - негізгі төмендеткіш қосалқы станциялар

ЕҚСЖ - еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі

БӨА - бақылау өлшеу аспаптары

ЭЖ - электржетек

ЭЖ АБЖ - электржетек автоматты басқару жүйесі

ЭҚК - электр қуаты коэффициенті

АЖР - автоматтық жиілілік реттеу

АКР - автоматтық кернеуді реттеу

АҚР - автоматтық құрылғыларды реттеу

ГҚҚ - газ турбина құрылғылары

КЭС - конденсаттық электр станциясы

БГҚ - бу-газ құрылғылары

ЭБЖ - Электр беріліс желісі

**Үлгілік оқу жоспары**  
**техникалық және кәсіптік білім**

**Білім беру коды және бейіні:** 0900000 – Энергетика

**Мамандығы:** 0906000 – Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары

**Біліктілігі:** 090601 2 – Қазандық жабдықтарын аралаушы машинист

090602 2 – Турбиналы жабдықтарды аралаушы машинист

Оқу нысаны: күндізгі

Оқытудың нормативтік мерзімі: 2 жыл 10 ай

негізгі орта білім базасында

Циклдер және пәндердің индексі	Циклдер және пәндердің атауы	Бақылау нысаны				Оқу уақытының көлемі (сағат)				Курстар бойынша бөлу
		емтихан	сынақ	бақылау жұмыстары	курстық жұмыс/ жоба	Барлығы	оның ішінде:			
							теориялық сабақтар	практикалық зертханалық сабақтар	курстық жоба/ жұмыс	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер					1448				1-2
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер ( кәсіптік қазақ ( орыс) тілі, кәсіптік шетел тілі, дене тәрбиесі )					240				1-3
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер					375	259	116		1-2
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу		+	+		36	20	16		

ЖКП 02	Сызу		+	+		58	18	40		
ЖКП 03	Жылу техникасының теориялық негіздері	+		+		96	84	12		
ЖКП 04	Жылу энергетикасындағы конструкциялық материалдар		+	+		60	56	4		
ЖКП 05	Гидравлика және сорғылар		+	+		77	69	8		
ЖКП 06	Компьютерлік технология негіздері		+	+		48	12	36		
АП 00	<b>Арнайы пәндер</b>					<b>466</b>	<b>454</b>	<b>12</b>		<b>2-3</b>
	<b>Біліктілігі: 090601 2 - Қазандық жабдықтарын аралаушы машинист</b>									
АП 01	ЖЭС қазандық қондырғылары		+	+		124	124			
АП 02	Жылу электр станциялары		+	+			68			

	және құбырлар				68				
АП 03	Жылу техникалық өлшеу негіздері және жылу техникалық процестерді автоматтандыру		+	+	54	46	8		
АП 04	Қазандық жабдықты жөндеу және қызмет көрсету		+	+	120	120			
АП 05	Сала экономикасы		+	+	36	36			
АП 06	Еңбекті қорғау	+		+	64	60	4		
<b>АП 00</b>	<b>Арнайы пәндер</b>				<b>466</b>	<b>454</b>	<b>12</b>		
	<b>090602 2 – Турбиналық жабдықтарды аралаушы машинист</b>								
АП 01	ЖЭС турбиналық қондырғылары		+	+	124	124			
АП 02	Жылу электр станциялары		+	+		68			





ӨО 02	оқу-өндірістік практика					576				
КП 03	технологиялық практика					648				
АА	Аралық аттестаттау					108				
ҚА 00	Қорытынды аттестаттау					72				
ҚА 01	қорытынды аттестаттау**					60				
ҚА 02 (КДДБ)	кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру					12				
	<b>Міндетті оқытудың барлығы</b>					<b>4320</b>				
К	Консультациялар	Оқу жылына 100 сағаттан артық емес								
Ф	Факультативтік сабақтар	Аптасына 4 сағаттан артық емес								
	<b>Оқу уақытының барлық сағаты</b>					<b>4960</b>				

Ескерту: ЖБП– Жалпы білім беретін пәндер; ЖГП– Жалпы гуманитарлық пәндер; ӘЭП - Әлеуметтік-экономикалық пәндер; ЖКП – Жалпы кәсіптік пәндер; АП – арнайы пәндер; БҰАП – жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер; ӨО – өндірістік оқыту; КП – кәсіптік практика; АА – аралық аттестаттау; ҚА – қорытынды аттестаттау; КДДБ –

кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру; К – консультация; Ф – факультативтік сабақтар.

ТЖКБ-ның МЖМБС-на сәйкес пәндердің тізімі үлгілік оқу жоспарында орындауға міндетті болып табылады. Бақылау нысандары (курстық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар), пәнді оқыту тәртібі үлгі болып табылады және оқыту нысанына, мамандықтардың ерекшеліктеріне, жергілікті және басқа да жағдайларға (жайлар) қарай, о.і. жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

\*Білім беру ұйымы анықтайтын пәндердің сағат көлемі жалпы кәсіптік және арнайы пәндер циклдерінің сағат көлемін (25% дейін) қысқарту есебінен ұлғайтылуы мүмкін.

\*\* Қорытынды аттестаттауға ұсынылған нысандар: арнайы пәндер бойынша кешенді емтихан тапсыру ЖКП (04, 05), АП( 01, 04).

Оқу-өндірістік жабдықтар мен оқытудың техникалық құралдарының үлгілік тізімі тиісті мамандық пәндері бойынша білім беру бағдарламалары мазмұнын негізге ала отырып анықталады.

Нақты оқу орнын жабдықтауға арналған оқу-өндірістік жабдықтар мен оқытудың техникалық құралдарының тізімі жұмыс оқу бағдарламаларын есепке алумен, серіктес-кәсіпорындармен бірлесе отырып, оларға кадр даярлайтын оқу орнымен анықталады. Бұл ретте саланың даму болашағын есепке алып, IT-технологияны, 3D-технологияны, АКТ, қашықтан, модульдік, дуалды, кредитті оқытуды ұсынады.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 15 маусымдағы  
№ 384 бұйрығына 233-қосымша

### Үлгілік оқу жоспары

#### техникалық және кәсіптік білім

**Білім беру коды және бейіні:** 0900000 – Энергетика

**Мамандығы:** 0906000 – Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары

**Біліктілігі:** 090601 2 – Қазандық жабдықтарын аралаушы машинист;

090602 2 – Турбиналы жабдықтарды аралаушы машинист.

Оқу нысаны: күндізгі

Оқытудың нормативтік мерзімі 1 жыл 10 ай

жалпы орта білім базасында

Циклдер және пәндер	Циклдер және пәндер	Бақылау нысаны			Оқу уақытының көлемі (сағат)			Курстар бойын
		сынақ	бақылау	курстық	оның ішінде:			
					теориялық	практикалық/алық/зертхан		

дің индексі	дің атауы	емтихан		жұмыстары	жұмыс/ жоба	Барлығы	сабақта р	алық- сабақта р	курсты қ жоба/ жұмыс	ша бөлу
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер (кәсіптік қазақ (орыс) тілі, кәсіптік шетел тілі, Қазақстанның тарихы, дене тәрбиесі)					306				1-2
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер					360	246	114		1
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу		+	+		36	20	16		
ЖКП 02	Сызу		+	+		48	18	30		
ЖКП 03	Жылу техникасының теориялық негіздері	+		+		96	76	20		
ЖКП 04	Жылу энергетикасындағы конструкциялық материалдар		+	+		60	56	4		
	Гидравлика						64			
		+		+		72		8		







ҚА 02 (КДДБ)	кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру					12				
	<b>Міндетті оқытудың барлығы</b>					2880				
К	Консультациялар	Оқу жылына 100 сағаттан артық емес								
Ф	Факультативтік сабақтар	Аптасына 4 сағаттан артық емес								
	<b>Оқу уақытының барлық сағаты</b>					3312				

Ескерту: ЖБП– Жалпы білім беретін пәндер; ЖГП– Жалпы гуманитарлық пәндер; ӘЭП - Әлеуметтік-экономикалық пәндер; ЖКП – Жалпы кәсіптік пәндер; АП – арнайы пәндер; БҰАП – жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер; ӨО – өндірістік оқыту; КП – кәсіптік практика; АА – аралық аттестаттау; ҚА – қорытынды аттестаттау; КДДБ – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру; К – консультация; Ф – факультативтік сабақтар.

ТЖКБ-ның МЖМБС-на сәйкес пәндердің тізімі үлгілік оқу жоспарында орындауға міндетті болып табылады. Бақылау нысандары (курстық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар), пәнді оқыту тәртібі үлгі болып табылады және оқыту нысанына, мамандықтардың ерекшеліктеріне, жергілікті және басқа да жағдайларға (жайлар) қарай, о.і. жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

\*Білім беру ұйымы анықтайтын пәндердің сағат көлемі жалпы кәсіптік және арнайы пәндер циклдерінің сағат көлемін (25% дейін) қысқарту есебінен ұлғайтылуы мүмкін.







ЖКП 05	Жылу энергетикасындағы конструкциялық материалдар		+	+		72	60	12		
ЖКП 06	Гидравлика және сорғылар		+	+		119	93	26		
ЖКП 07	Жалпы электротехника электроника негіздерімен		+	+		70	44	26		
ЖКП 08	Компьютерлік технология негіздері		+	+		66	16	50		
<b>АП 00</b>	<b>Арнайы пәндер</b>					<b>1162</b>	<b>771</b>	<b>295</b>	<b>96</b>	<b>2-4</b>
АП 01	Жылу электр станцияларының қазандық қондырғылары	+		+	+	154	84	30	40	
АП 02	Жылу электр станцияларының турбиналы қондырғылары	+		+	+	164	94	30	40	
АП 03	Жылу электр станцияларыны		+	+		50		4		

	ң электр жабдығы					46			
АП 04	Жылу электр станциялары және құбырлар	+		+		162	122	40	
АП 05	Жылу техникалық өлшеу негіздері және жылу техникалық процестерді автоматтандыру		+	+		72	36	36	
АП 06	Жылу электр станцияларының суын дайындау және ағынды суын тазарту		+	+		90	68	22	
АП 07	Қазандық жабдықты жөндеу және қызмет көрсету	+		+		120	94	26	
АП 08	Турбиналық жабдықты жөндеу және қызмет көрсету	+		+		120	97	23	
	Жылу электр станция								



АА	Аралық аттестаттау					216				
ҚА 00	Қорытынды аттестаттау					72				
ҚА 01	қорытынды аттестаттау**					60				
ҚА 02 (КДДБ)	кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру					12				
	Міндетті оқытудың барлығы					5760				
К	Консультациялар	Оқу жылына 100 сағаттан артық емес								
Ф	Факультативтік сабақтар	Аптасына 4 сағаттан артық емес								
	Оқу уақытының барлық сағаты					6588				

Ескерту: ЖБП– Жалпы білім беретін пәндер; ЖГП– Жалпы гуманитарлық пәндер; ӘЭП - Әлеуметтік-экономикалық пәндер; ЖКП – Жалпы кәсіптік пәндер; АП – арнайы пәндер; БҰАП – жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер; ӨО – өндірістік оқыту; КП – кәсіптік практика; АА – аралық аттестаттау; ҚА – қорытынды аттестаттау; КДДБ – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру; К – консультация; Ф – факультативтік сабақтар.

ТжКБ-ның МЖМБС-на сәйкес пәндердің тізімі үлгілік оқу жоспарында орындауға міндетті болып табылады. Бақылау нысандары (курстық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар), пәнді оқыту тәртібі үлгі болып табылады



ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер ( кәсіптік қазақ ( орыс) тілі, кәсіптік шетел тілі, Қазақстан тарихы, дене тәрбиесі )				411				1-3
ЖГП 00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер ( мәдениеттану, философия негіздері , экономика негіздері , саясаттану және әлеуметтану негіздері, құқық негіздері )				180				1-2
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер				672	407	265		1-2
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу	+	+		30		30		
ЖКП 02	Сызу	+	+		99	10	89		
	Техникалық механика								

ЖКП 03	а негіздері		+	+		72	60	12		
ЖКП 04	Жылу техникасының теориялық негіздері	+		+		144	114	30		
ЖКП 05	Жылу энергетикасындағы конструкциялық материалдар		+	+		75	63	12		
ЖКП 06	Гидравлика және сорғылар	+		+		120	94	26		
ЖКП 07	Жалпы электротехника электроника негіздерімен		+	+		72	46	26		
ЖКП 08	Компьютерлік технология негіздері		+	+		60	20	40		
<b>АП 00</b>	<b>Арнайы пәндер</b>					<b>1212</b>	<b>709</b>	<b>407</b>	<b>96</b>	<b>1-3</b>
АП 01	Жылу электр станцияларының қазандық қондырғылары	+		+	+	180	80	60	40	
АП 02	Жылу электр станцияларының	+		+	+	198	108		40	



	турбина л ы кондырғ ылары						50		
АП 03	Жылу электр станция ларыны ң электр жабдығ ы		+	+		50	36	14	
АП 04	Жылу электр станция лары және құбырла р	+		+		162	100	62	
АП 05	Жылу техника лық өлшеу негіздер і және жылу техника лық процест ерді автомат тандыру	+		+		72	36	36	
АП 06	Жылу электр станция ларыны ң суын дайында у және ағынды суын тазарту		+	+		90	68	22	
АП 07	Қазанды қ жабдықт ы жөндеу және қызмет көрсету	+		+		110	74	36	
	Турбина л ы жабдықт								



КП 04	Ғ ы практик а					216				
Д	Диплом ды қ жобалау					216				
АА	Аралық аттестат тау					144				
ҚА 00	Қорыты нды аттестат тау					72				
ҚА 01	қорыты нды аттестат тау**					60				
ҚА 02 (КДББ)	кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілі к беру					12				
	Міндетт і оқытуды ң барлығы					4320				
К	Консуль тацияла р	Оқу жылына 100 сағаттан артық емес								
Ф	Факульт ативтік сабақтар	Аптасына 4 сағаттан артық емес								
	О қу уақытын ы ң барлық сағаты					4960				

Ескерту: ЖБП– Жалпы білім беретін пәндер; ЖГП– Жалпы гуманитарлық пәндер; ӘЭП - Әлеуметтік-экономикалық пәндер; ЖКП – Жалпы кәсіптік пәндер; АП – арнайы пәндер; БҰАП – жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер; ӨО – өндірістік оқыту; КП – кәсіптік практика; АА – аралық аттестаттау; ҚА – қорытынды аттестаттау; КДББ – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру; К – консультация; Ф – факультативтік сабақтар.

ТЖКБ-ның МЖМБС-на сәйкес пәндердің тізімі үлгілік оқу жоспарында орындауға міндетті болып табылады. Бақылау нысандары (курстық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар), пәнді оқыту тәртібі үлгі болып табылады және оқыту нысанына, мамандықтардың ерекшеліктеріне, жергілікті және басқа да жағдайларға (жайлар) қарай, о.і. жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

\*Білім беру ұйымы анықтайтын пәндердің сағат көлемі жалпы кәсіптік және арнайы пәндер циклдерінің сағат көлемін (25% дейін) қысқарту есебінен ұлғайтылуы мүмкін.

\*\* Қорытынды аттестаттауға ұсынылған нысандар: дипломдық жобаны қорғау.

Оқу-өндірістік жабдықтар мен оқытудың техникалық құралдарының үлгілік тізімі тиісті мамандық пәндері бойынша білім беру бағдарламалары мазмұнын негізге ала отырып анықталады.

Нақты оқу орнын жабдықтауға арналған оқу-өндірістік жабдықтар мен оқытудың техникалық құралдарының тізімі жұмыс оқу бағдарламаларын есепке алумен, серіктес-кәсіпорындармен бірлесе отырып, оларға кадр даярлайтын оқу орнымен анықталады. Бұл ретте саланың даму болашағын есепке алып, IT-технологияны, 3D-технологияны, АКТ, қашықтан, модульдік, дуалды, кредитті оқытуды ұсынады.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 15 маусымдағы  
№ 384 бұйрығына 236-қосымша

**"Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламалары**

**Ескерту. 236-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2016 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Пәндер циклі және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламасының мазмұны (*біліктіліктің жоғары деңгейі*)

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білім, іскерліктер мен дағдылар	Қалыптасатын құзырет коды
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
	Кәсіптік қазақ (орыс) тілі. Кәсіптік тілдің рөлі: мамандық бойынша	Білімдер: - қазақ (орыс) тілінде және кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқып, аудару үшін (сөздікпен) қажетті	

ЖГП 01	терминология; кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқу және аудару техникасы (сөздікпен); кәсіптік қарым-қатынас; мамандыққа бағытталған мәтіндер бойынша әңгімелер, сұхбаттар құрастыру.	лексикалық (1200-1400 лексикалық бірлік) және грамматикалық минимумды меңгеру. <b>Іскерліктер:</b> - кәсіптік лексиканы сауатты пайдалану, өзінің кәсіптік қызметінде қазақ (орыс) тілінен білімдерін пайдалану.	БҚ 4,6,7
ЖГП 02	<b>Кәсіптік шетел тілі.</b> Мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті лексика-грамматикалық материалдар; сөйлесудің әртүрлі түрлері мен тілдік нысандарды (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік); кәсіптік бағдарлы мәтіндерді аудару техникасы.	<b>Білімдер:</b> - мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалдарды. <b>Іскерліктер:</b> - тілдік іс-әрекет түрлерін және сөйлеу нысандарын ажырату (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік).	БҚ 4,6,7
ЖГП 03	<b>Қазақстан тарихы.</b>		
ЖГП 04	<b>Дене тәрбиесі.</b> Маман дайындауда дене тәрбиесінің рөлі, оның салауатты өмір салтын қалыптастыру; дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздері; дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы.	<b>Білімдер:</b> - дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздерін; - дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздерін. <b>Іскерліктер:</b> - денсаулықты сақтау және нығайтуда дене тәрбиесі білімдерін қолдану.	БҚ 8
<b>ЖКП 00</b>	<b>Жалпы кәсіптік пәндер</b>		
ЖКП 01	<b>Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу.</b> Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру	<b>Білімдер:</b> - құжаттау қызметінің құрылымы, лауазымдық міндеттер, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын. <b>Іскерліктер:</b> - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу;	БҚ 4,5,6,8

	<p>құжаттарының тізіміне кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау;</li> <li>- анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау.</li> </ul>	
ЖКП 02	<p><b>Сызу.</b> Кіріспе, КҚБЖ, МЕМСТ, түсініктемесі; сызбалардың графикалық рәсімделуі; сызба сызықтары; сызба форматтары; сызбаларда жазулар жазу; масштабтар; өлшемдер түсіру; қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің контурларын түсіру тәсілдері; техникалық сызу; сызбалар мен нобайларды орындаудың жалпы ережелері; сұлбалардағы шартты, графикалық белгілеулер; мамандық бойынша сұлбалар.</p>	<p><b>Білімдер:</b> - МЕМСТ 2.303-68* бойынша сызықтарды, МЕМСТ 2.301-68* бойынша форматтарды; - МЕМСТ 2.304-81 бойынша сызба қаріптерін; - МЕМСТ 2.302-68 бойынша масштабтарды, МЕМСТ 2.307-68* бойынша өлшемдер түсіру ережелерін, жанасу түрлерін. <b>Іскерліктер:</b> - стандартты сақтай отырып, әртүрлі сызықтарды сызу; - сызбаларда стандартты қаріппен жазба жазу; - сызба масштабын анықтау, берілген масштабта тетіктердің сызбаларын орындау; - сызбада қарапайым түрдегі тетіктердің өлшемдерін түсіру; - электр сұлбаларды оқу.</p>	<p>БҚ 3,5,7 КҚ 2.1.1 КҚ 2.2.1</p>
ЖКП 03	<p><b>Жылу техникасының теориялық негіздері.</b> Техникалық термодинамиканың негізгі ережелері; газ заңдары; жылу сыйымдылық; термодинамика заңдары; идеал газдардың термодинамикалық процестері; энтальпия; энтропия; газ циклдері; реал газдар; су буы және оның қасиеттері; су б у ы н ы ң термодинамикалық процестері; бу турбиналы қондырғылардың</p>	<p><b>Білімдер:</b> - техникалық термодинамика қасиеттері мен заңдарын; - су мен будың негізгі термодинамикалық параметрлерін; - идеал және реал газдардың параметрлерін есептеу әдістерін; - жылу алмастыру теориясының негізгі ережелерін; - бу турбиналы қондырғылар циклін; <b>Іскерліктер:</b></p>	<p>БҚ 1,2,3,6,7</p>

	циклдері; жылу алмастыру теориясының негізгі ережелері; жылу өткізгіштік; конвективті жылу алмасу; жылу беру және жылу шығыны; жылу алмастыру аппараттары.	- hs диаграммада су б у ы н ы ң термодинамикалық процесін құру; - кесте бойынша бу мен судың негізгі термодинамикалық параметрлерін анықтау.	КҚ 2.1.1 КҚ 2.2.1
ЖКП 04	<p><b>Ж ы л у энергетикасындағы конструкциялық материалдар.</b></p> <p>Металдардың құрылымы, қасиеттері және сынау тәсілдері; темірдің көміртекті қоспалары; көміртекті болаттар мен шойындар; болатты термикалық және химия-термикалық өңдеу негіздері; қоспалы болат пен қорытпалар; түсті металдар қорытпасы; жылу энергетикалық қондырғылардың конструкциялық материалдарының жұмыс шарттары; электрмен имектеп дәнекерлеу; газбен дәнекерлеу; термикалық кесу; электр станцияларының жылу энергетикалық жабдықтары мен құбырларын монтаждау және жөндеу кезіндегі дәнекерлеу жұмыстары; негізгі жылу энергетикалық жабдықтарды бақылау көлемі, түрлері, мерзімдері; ақауды табу әдістері мен құралдары.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <p>- құрылымдық және жылуды оқшаулайтын материалдарының түрлерін; құрылымдық материалдардың механикалық, электрлік және өзге де физика-химиялық қасиеттерін;</p> <p>- құрылымдық материалдардың құрылымын, алу тәсілдерін, қолданылу саласын.</p> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <p>- әртүрлі жұмыс режимдерінде жылу техникалық жабдықтардың түйіндері мен тетіктерінің ықтимал өзгеру түрлерін анықтау;</p> <p>- қазандық жасауда қолданылатын материалдардың таңбаларын ашып оқу;</p> <p>- анықтамалық әдебиеттермен, диаграммалармен жұмыс істеу;</p> <p>- мақсаты және қолданылуы бойынша материалдарды анықтау.</p>	БҚ 1,2,3 КҚ 2.1.1 КҚ 2.1.1
	<p><b>Гидравлика және сорғылар.</b></p> <p>Сұйықтықтың физикалық қасиеттері; гидростатика және гидродинамика негіздері; гидравликалық кедергілер; сұйықтықтың</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <p>- сорғы жабдықтарына қойылатын талаптарды; сорғылардың мақсаттарын; олардың негізгі параметрлерін;</p> <p>- қоректік, конденсациялық, тораптық, циркуляциялық және</p>	БҚ 1,2,3,4

ЖКП 05	ағуы, құбыр және түтік бойымен жылжуы; сорғылар туралы жалпы мәліметтер; электр станцияларының сорғы жабдықтары; сорғылар.	майлы сорғылардың типтері мен параметрлерін. <b>Іскерліктер:</b> - аспаптар көрсеткіштері бойынша сорғының қысымын анықтау; - каталогтармен және техникалық құжаттармен жұмыс істеу.	КҚ 2.1.1 КҚ 2.2.1
ЖКП 06	<b>Компьютерлік технология негіздері.</b> Windows АЖ; Microsoft Word мәтіндік редактор; Excel электронды кесте; деректер базасы; компьютерлік желілер; Auto Cad графикалық редактор; ЭЕМ және курстық жобалауда қолдану; автоматтандырылған жұмыс орындары.	<b>Білімдер:</b> - жоғары деңгей тілінде алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерін; - пайдаланушыға компьютерді жөнге келтіруді; желіде жұмыс жасауды; - офистік бағдарламалармен жұмыс жасауды. <b>Іскерліктер:</b> - АЖ баптау; - мәтінді пішімдеу және түзету енгізу; кестелер құру және түзету енгізу; - ақпаратты алу және жөнелту үшін жергілікті желі мен жаһандық желіні пайдалану; - сызбалар құру және түзету енгізу.	БҚ 5 КҚ 2.1.1 КҚ 2.2.1
<b>Біліктілігі: 090601 2 - Қазандық жабдықтарын аралаушы машинист</b>			
<b>АП 00</b>	<b>Арнайы пәндер</b>		
	<b>ЖЭС қазандық қондырғылары.</b>	<b>Білімдер:</b> - қыздыру беттерінің компоновкасы мен құрылымын; - экономайзердің, ауа қыздырғыштардың құрылымын, олардың жұмыс қағидасын; - каркастардың құрылымын, қазандық және құбыр барабандарының бекітілуін; - жылулық оқшаулағыштың құрылымы мен қаптау түрлерін,	



<p>АП 01</p>	<p>Отынның жіктелуі және оның техникалық сипаттамалары; отынды пайдалану тиімділігі; оттық құрылғылар; қыздырудың бу түзейтін беттері; бу қыздырғыштар; төмен температуралы қызу беттері; бу қазандарының қаңқасы, қаптамасы және гарнитурасы; отын беру және қатты отынның шаңын дайындау; газмазутты электр станцияларының отын шаруашылығы; қазандық қондырғылардың газ-ауа жолдары; күлқожды жою</p>	<p>гарнитурлардың құрылымын;  - МЕМСТ 3619-81 бойынша қазандардың типтері мен жіктелуін;  - арматура кластарын, арматура құрылымын, оны орналастыру орнын;  - жылу беру жабдығының құрылымы мен жұмыс қағидасын, отынның көмір үгіту сипаттамаларын, шаң дайындау жүйелерінің жұмыс қағидасын, шаң жүйесінің сұлбаларын;  - газ-ауа жолының сұлбалары мен оның құрылымдық элементтерін, жұмыс қағидасын, күл ұстағыштардың негізгі сипаттамаларын;  - күл қож жою қондырғыларының құрылымын.  <b>Іскерліктер:</b>  - жабдықтардың сипаттамасы бойынша негізгі ағындардың параметрлерін анықтау;  - қазандық агрегаттың қосымша жолдарының технологиялық сұлбаларын оқу.</p>	<p>БҚ 4,6,7,8  КҚ 2.1.1  КҚ 2.1.3</p>
<p>АП 02</p>	<p><b>Жылу электр станциялары және құбырлар.</b>  Жылу электр станцияларының технологиялық сұлбасы; жылу электр станцияларының жылулық сұлбасы; электр станцияларының технологиялық сұлба элементтері; құбырлар мен құбырлы арматура; техникалық сүмен қамтамасыз ету.</p>	<p><b>Білімдер:</b>  - ЖЭС жылу сұлбалары элементтерінің құрылымын;  - құбырлардың мақсаты мен жіктелуін;  - құбырларды төсеу және бекіту тәсілдерін;  - құбырлы арматураның мақсаты мен құрылымын;  - жылумен жабдықтау жүйелерін, желілік қыздырғыштардың құрылымын.  <b>Іскерліктер:</b>  - ЖЭС жылулық сұлбаларын оқу.</p>	<p>БҚ 4,6,7,8  КҚ 2.1.1  КҚ 2.1.3</p>

АП 03

**Жылу техникалық өлшеу негіздері және жылу техникалық процестерді автоматтандыру.**

Жылу техникалық өлшеулер және метрология туралы жалпы мәліметтер; температураны өлшеу; қысымды, қысым айырымдарын және зарядтауды өлшеу; сұйықтықтар мен сусымалы заттардың шығынын, мөлшерін және деңгейін өлшеу; газдың, судың, будың құрамын өлшеу; жылу техникалық бақылау сұлбаларын арнайы өлшеу; басқару мен автоматтандырудың негізгі ұғымдары; реттеудің автоматтандырылған жүйелері; реттеудің автоматтандырылған жүйелерінің техникалық құралдары; автоматты реттеу; барабанды және тура ағатын бу қазандықтарын автоматтандыру; энергетикалық блок пен қосымша жабдықты автоматтандыру.

**Білімдер:**

- технологиялық параметрлерді өлшейтін аспаптардың негізгі типтерін;
- негізгі технологиялық параметрлерді өлшеуге арналған аспаптардың қолданылуын;
- негізгі техникалық сипаттамаларды; технологиялық параметрлерді өлшейтін аспаптардың артықшылықтары мен кемшіліктерін.

**Іскерліктер:**

- аспаптарды іске қосу;
- температураны, қысымды, қысым айырымын және разрядталуды, сұйықтықтар мен сусымалы денелердің мөлшер шығынын және деңгейін, газдың, судың, будың құрамын өлшеу.

БҚ 4,6,7,8  
КҚ 2.1.1  
КҚ 2.1.3

**Қазандық жабдықты жөндеу және қызмет көрсету.**

Қазандық-турбина цехына қызмет көрсетуді ұйымдастыру және технологиялық көрсеткіштері; қазандық қондырғылардың қосымша жабдықтарына қызмет көрсету;

**Білімдер:**

- қазандық агрегаттың және оның жабдықтарының техникалық параметрлері мен сипаттамаларын;
- шаң алу, газды сору, ауа жіберу және түтінді газды тазарту жабдықтарының құрылымын, сұлбасын және мақсатын;
- оттықтардың, жанарғылардың құрылымы мен мақсатын; қыздыру беттерінің

БҚ 4,6,7,8

<p>АП 04</p>	<p>казандық бөлімше жабдықтарын сынау және баптау; тартып-үрлейтін машиналарды жөндеу; регенеративті ауа қыздырғыштарды жөндеу; қоректік шаңның диірменін жөндеу; сорғыларды жөндеу; жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру.</p>	<p>орналасуын; жұмыс режимін анықтайтын параметрлерді.</p> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- пайдалану кезінде пайда болған қосымша жабдықтың ақауларын анықтау;</li> <li>- орта параметрлері бойынша жабдық жұмысын белгілеу;</li> <li>- қосымша жабдықтың жұмыс режимінің бұзылу себептерін талдау;</li> <li>- жабдықты іске қосуға және жөндеуге дайындық жұмыстарын өткізу.</li> </ul>	<p>КҚ 2.1.1 КҚ 2.1.3</p>
<p>АП 05</p>	<p><b>Сала экономикасы.</b> Нарықтық қатынас жүйесіндегі сала кәсіпорыны; менеджмент; басқарудың негізгі қағидалары мен әдістері; маркетинг; сала кәсіпорынының өндірістік қорлары; сала кәсіпорындарының күрделі қаржы жұмсалымы күрделі құрылыстары; негізгі және қосымша өндірісті ұйымдастыру; еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру; сала кәсіпорындарындағы техникалық нормалау негіздері; еңбек өнімділігі; кәсіпорын саласындағы еңбекақы төлемін ұйымдастыру; нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасының салық жүйесі; сала кәсіпорындарындағы жоспарлауды ұйымдастыру.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындары мен олардың құрылымдарын басқару негіздерін;</li> <li>- кәсіпорын құрамын, мүлік қозғалысын және есепке алуды;</li> <li>- ұйымдастыру және еңбекақы саласында кәсіпорынды басқаруға экономикалық механизмінің ықпалын;</li> <li>- өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарындағы есепке алуды және есеп беруді.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- техника-экономикалық негіздеме және жұмыс жобаларының сметалық құжаттарын құру үшін экономикалық есептеулер жүргізу.</li> </ul>	<p>БҚ 5,9,10 КҚ 2.1.3</p>
		<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс орнын, жұмыс аймағын анықтауды;</li> <li>- жабдықты куәландыру тәртібін;</li> </ul>	

<p>АП 06</p>	<p><b>Еңбекті қорғау.</b> Еңбекті қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңнама негіздері; бақытсыз жағдайларды талдау; қауіпсіздік техникасы бойынша қызметшілермен жұмысты ұйымдастыру; қызметшілердің құқықтары мен міндеттері; аймаққа, орынжайларға, жұмыс орындарына, жабдыққа, құралдарға, айлабұйымдарға, биіктікте, жер асты құрылыстарында, резервуарларда, жылу алмастыру аппараттарында, құбырларда жұмыс істеу кезінде, айналмалы механизмдерді пайдалану және жөндеу кезінде, жер жұмыстарын атқарғанда қойылатын қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі талаптары; электр қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі негіздері; улану, күйю және басқа жарақаттар кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек; қазандық және турбиналы цехтардың жабдығын пайдалану және жөндеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- құралды пайдалану ережелерін;</li> <li>- ауыр жабдықтарды қолмен тасымалдау нормаларын;</li> <li>- механизмдер мен айлабұйымдарды куәландыру және сынау мерзімдерін;</li> <li>- жұмыс істеушілер арасындағы хабарласу сигналдарын, қорғаныс құралдарын;</li> <li>- ыдыстардың, құбырлардың түрлері мен категорияларын, тіркеу мерзімін, құбырларды куәландыруды, сырлауды, құбырлардағы жазуларды;</li> <li>- гидравликалық сынау өткізу тәртібін;</li> <li>- айналмалы механизмдердің түрлерін;</li> <li>- жер, жылу оқшаулау және қаптау жұмыстарын орындау ережелерін;</li> <li>- жер, жылу оқшаулау және қаптау жұмыстары кезіндегі жеке қорғаныс құралдарын;</li> <li>- электрмен жарақаттану түрлерін; электр тогымен жарақаттанудан қорғану шараларын;</li> <li>- өрт қауіпті жайлардың жіктелуін; өртке қарсы қорғаныс шараларын;</li> <li>- өрт сөндіргіштердің құрылымдарын;</li> <li>- күйю, улану түрлерін.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- электр тогымен жарақаттану кезінде алғашқы көмек көрсету;</li> <li>- қан кету, күйю, жылу соққысын алу кезінде алғашқы көмек көрсету.</li> </ul>	<p>БҚ 4,6,7,8 КҚ 2.1.2</p>
<p><b>Біліктілігі: 090602 2 – Турбиналы жабдықтарды аралаушы машинист</b></p>			
<p>АП 00</p>	<p>Арнайы пәндер</p>	<p>Білімдер:</p>	

<p>АП 01</p>	<p><b>ЖЭС турбиналы қондырғылары.</b>          Бу және газ-турбиналы қондырғылар туралы негізгі ұғымдар; турбиналы тор каналдары арқылы аққан будың газдинамика негіздері; көп сатылы бу турбиналары; бу турбиналы қондырғының қосымша жабдығы.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- турбиналардың мақсатын және типтерін;</li> <li>- конденсаторлардың, деаэраторлардың, қыздырғыштардың мақсатын, орнатылуын және жұмыс принципін.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жабдықтың сипаттамасы бойынша негізгі ағындардың параметрлерін анықтау;</li> <li>- турбиналы қондырғылардың қосымша жабдығының технологиялық сұлбаларын оқу;</li> <li>- қосымша жабдыққа техникалық құжаттамамен жұмыс істеу.</li> </ul>	<p>БҚ 4,6,7,8          КҚ 2.2.1          КҚ 2.2.3</p>
<p>АП 02</p>	<p><b>Жылу электр станциялары және құбырлар.</b>          Жылу электр станцияларының технологиялық сұлбасы; жылу электр станцияларының жылу сұлбасы; электр станцияларының технологиялық сұлба элементтері; құбырлар мен құбырлы арматура; техникалық сумен қамтамасыз ету.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ЖЭС жылу сұлбалары элементтерінің құрылымын;</li> <li>- құбырлардың мақсаты мен жіктелуін;</li> <li>- құбырларды төсеу және бекіту тәсілдерін;</li> <li>- құбырлы арматураның мақсаты мен құрылымын;</li> <li>- жылумен жабдықтау жүйелерін, тораптық қыздырғыштардың құрылымын.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ЖЭС жылу сұлабаларын оқу.</li> </ul>	<p>БҚ 4,6,7,8          КҚ 2.2.1          КҚ 2.2.3</p>
	<p><b>Жылу техникалық өлшеу және жылу техникалық процестерді автоматтандыру.</b>          Жылу техникалық өлшеулер және метрология туралы жалпы мәліметтер; температураны өлшеу; қысымды, қысым айырымдарын және зарядтауды өлшеу; сұйықтықтар мен сусымалы заттардың шығынын, мөлшерін</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- технологиялық параметрлерді өлшейтін аспаптардың негізгі типтерін;</li> <li>- негізгі технологиялық параметрлерді өлшеуге арналған аспаптардың қолданылуын;</li> <li>- негізгі техникалық сипаттамаларды;</li> </ul>	

<p>АП 03</p>	<p>және деңгейін өлшеу; газдың, судың, будың құрамын өлшеу; жылу техникалық бақылау сұлбаларын арнайы өлшеу; басқару мен автоматтандырудың негізгі ұғымдары; реттеудің автоматтандырылған жүйелері; реттеудің автоматтандырылған жүйелерінің техникалық құралдары; автоматты реттеу; барабанды және тура ағатын бу қазандықтарын автоматтандыру; энергетикалық блок пен қосымша жабдықты автоматтандыру.</p>	<p>технологиялық параметрлерді өлшейтін аспаптардың артықшылықтары мен кемшіліктерін.</p> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- аспаптарды іске қосу;</li> <li>- температураны, қысымды, қысым айырымын және разрядталуды, сұйықтықтар мен сусымалы денелердің мөлшер шығынын және деңгейін, газдың, судың, будың құрамын өлшеу.</li> </ul>	<p>БҚ 4,6,7,8 КҚ 2.2.1 КҚ 2.2.3</p>
<p>АП 04</p>	<p><b>Турбиналы жабдықты жөндеу және қызмет көрсету.</b> Конденсациялық құрылғыға, регенерация жүйелеріне, тораптық қыздыру қондырғыларына, сорғы жабдығына қызмет көрсету және жөндеу; жылу алмастырғыштарды жөндеу.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жабдыққа техникалық қызмет көрсету ережелерін;</li> <li>- қосымша жабдықтың жұмыс қағидасы мен құрылымын;</li> <li>- әрбір элементтің жұмысындағы ақаулар мен істен шығуларды.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қосымша жабдықты пайдалану кезінде пайда болған ақауларын анықтау;</li> <li>- орта параметрлері бойынша жабдық жұмысы туралы талдау;</li> <li>- жабдықтың бұзылуын анықтау;</li> <li>- қосымша жабдықтың жұмыс режимінің бұзылу себептерін талдау;</li> <li>- жабдықты іске қосуға және жөндеуге дайындық жұмыстарын өткізу.</li> </ul>	<p>БҚ 4,6,7,8 КҚ 2.2.1 КҚ 2.2.3</p>
	<p><b>Сала экономикасы.</b> Нарықтық қатынас жүйесіндегі сала кәсіпорыны; менеджмент; басқарудың негізгі қағидалары мен әдістері;</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындары мен</li> </ul>	

<p>АП 05</p>	<p>маркетинг; сала кәсіпорынының өндірістік қорлары; сала кәсіпорындарының күрделі қаржы жұмсалымы күрделі құрылыстары; негізгі және қосымша өндірісті ұйымдастыру; еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру; сала кәсіпорындарындағы техникалық нормалау негіздері; еңбек өнімділігі; кәсіпорын саласындағы еңбекақы төлемін ұйымдастыру; нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасының салық жүйесі; сала кәсіпорындарындағы жоспарлауды ұйымдастыру.</p>	<p>олардың құрылымдарын басқару негіздерін;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіпорын құрамын, мүлік қозғалысын және есепке алуды;</li> <li>- ұйымдастыру және еңбекақы саласында кәсіпорынды басқаруға экономикалық механизмнің ықпалын;</li> <li>- өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарындағы есепке алуды және есеп беруді.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- техника-экономикалық негіздеме және жұмыс жобаларының сметалық құжаттарын құру үшін экономикалық есептеулер жүргізу.</li> </ul>	<p>БҚ 5,9,10 КҚ 2.2.3</p>
<p>АП 06</p>	<p><b>Еңбекті қорғау.</b> Еңбекті қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңнама негіздері; бақытсыз жағдайларды талдау; қауіпсіздік техникасы бойынша қызметшілермен жұмысты ұйымдастыру; қызметшілердің құқықтары мен міндеттері; аймаққа, орынжайларға, жұмыс орындарына, жабдыққа, құралдарға, айлабұйымдарға, биіктікте, жер асты құрылыстарында, резервуарларда, жылу алмастыру аппаратында, құбырларда жұмыс істеу</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс орнын, жұмыс аймағын анықтауды;</li> <li>- жабдықты куәландыру тәртібін;</li> <li>- құралды пайдалану ережелерін;</li> <li>- ауыр жабдықтарды қолмен тасымалдау нормаларын;</li> <li>- механизмдер мен айлабұйымдарды куәландыру және сынау мерзімдерін;</li> <li>- жұмыс істеушілер арасындағы хабарласу сигналдарын, қорғаныс құралдарын;</li> <li>- ыдыстардың, құбырлардың түрлері мен категорияларын, тіркеу мерзімін, құбырларды куәландыруды, сырлауды, құбырлардағы жазуларды;</li> <li>- гидравликалық сынау өткізу тәртібін;</li> <li>- айналымды механизмдердің түрлерін;</li> </ul>	<p>БҚ 4,6,7,8</p>

	<p>кезінде, айналмалы механизмдерді пайдалану және жөндеу кезінде, жер жұмыстарын атқарғанда қойылатын қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі талаптары; электр қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі негіздері; улану, күй және басқа жарақаттар кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек; қазандық және турбиналы цехтардың жабдығын пайдалану және жөндеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жер, жылу оқшаулау және қаптау жұмыстарын орындау ережелерін;</li> <li>- жер, жылу оқшаулау және қаптау жұмыстары кезіндегі жеке қорғаныс құралдарын;</li> <li>- электрмен жарақаттану түрлерін; электр тогымен жарақаттанудан қорғану шараларын;</li> <li>- өрт қауіпті жайлардың жіктелуін; өртке қарсы қорғаныс шараларын;</li> <li>- өрт сөндіргіштердің құрылымдарын;</li> <li>- күй, улану түрлерін.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- электр тогымен жарақаттану кезінде алғашқы көмек көрсету;</li> <li>- қан кету, күй, жылу соққысын алу кезінде алғашқы көмек көрсету.</li> </ul>	<p>КҚ 2.2.2 КҚ 2.2.3</p>
<b>ӨО ж КП</b>	<b>Өндірістік оқыту және кәсіптік практика</b>		
ӨО 01	<p><b>Оқу практикасы.</b> Материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария; технологиялық өлшеу негіздері; жазықтықтық таңбалау; материалдарды кию; металдарды кесу; дайындамаларды түзету және ию; егеу; бұрғылау және үңгілеу; бұранда кесу; бастыру; бедерлеу; сүрту; мойынтіректерді қалайылау және құю; электрмен дәнекерлеу; қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік санитария; электрмен имектеп пісіру тәсілдері; аппаратуралар және құрылғылар; жонғыш және фрезер білдегінде материалдарды өңдеу.</p>	<p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бақылау-өлшеу аспаптарын; слесарлық жұмыстарды жүргізуге арналған құралдарды пайдалану;</li> <li>- киюды, кесуді, түзету, июді, бастыруды, бедерлеуді, бұрғылауды орындау;</li> <li>- металдарды және өзге де конструкциялық материалдарды слесарлық өңдеудің негізгі тәсілдерін қолдану ;</li> <li>- металл кесетін білдектерде жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасы ережелерін қолдану.</li> </ul> <p><b>Дағдылар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- слесарлық құралдармен жұмыс жасау.</li> </ul>	<p>БҚ 1-10 КҚ 2.2.1 КҚ 2.2.2 КҚ 2.2.3 КҚ 2.1.1 КҚ 2.1.2 КҚ 2.1.3</p>
	<p><b>Оқу-өндірістік практика.</b> Жылу техникалық жабдыққа қызмет көрсету</p>		



ӨО 02

және жөндеу; такелаждық жұмыстар; жөндеу-монтаждық жұмыстар; жаншып жалғау; бөлшек шеттерін дәнекерлеуге дайындау; құбырлардың фасонды бөліктерін жасау; төсемдерді дайындау; бекітпелерді алу және орнату; арматураларды жөндеу: ілмекті, реттегіш, сақтандырғыш; шұраларды жөндеу; нығыздағыш компенсаторларды, механикалық түйіндерді, ілінісу муфтааларын, мойынтірек түйіндерін, болтты және бұрандамалы жалғамаларды, тойтарма жалғамаларды, ыдыстарды жөндеу; кешендік жұмыстар: бу және су қыздыру қазандарының қыздыру беттерін жөндеу; барабандар мен қызған бу температурасын реттеу құрылғыларын жөндеу; ауа қыздырғыш құбырды жөндеу; оттықты, гарнитураларды және үрлеу аппараттарын жөндеу; айналдырушы механизмдердің құрастыру бірліктерін жөндеу; тартып үрлеу механизмдерін жөндеу; қыздырғыштарды және жылу алмастырғыштарды жөндеу; желдету, жылыту, ыстық сумен және газбен жабдықтау жүйелері жабдықтарын жөндеу; күлұстағыш және күл шығару жүйесі, шаң дайындау жүйесі жабдықтарын жөндеу.

**Іскерліктер:**

- бақылау-өлшеу аспаптарын, слесарлық жұмыстарды жүргізу құралдарын пайдалану;
- төсемдерді, бекітпелерді дайындау;
- біліктілікке сәйкес жылу механикалық жабдықтарға жөндеу жүргізу;
- улану, күю, жылу соққысы және өзге де жарақаттар алғанда алғашқы көмек көрсету;
- тиеу-түсіру жұмыстары кезінде қауіпсіздік шараларын пайдалану.

**Дағдылар:**

- слесарлық құралмен жұмыс істеу;
- теориялық білімдерін практикада қолдану;
- бригадада жұмыс істеу.

БК 1-10  
КҚ 2.2.1  
КҚ 2.2.2  
КҚ 2.2.3  
КҚ 2.1.1  
КҚ 2.1.2  
КҚ 2.1.3

**Іскерліктер:**

- металл кесетін білдектерде жұмыс істегенде қауіпсіздік

